

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Тәуелсіздік мәңгілік болуы керек. Әр қазақстандық алдағы уақытта оның тұғырын нықтап, еңсесін тіктеп, абыройын асыруға қызмет етуге тиіс. «Мәңгілік ел» идеясының түпкі мақсаты осында.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №153 (6129) 16 желтоқсан, бейсенбі, 2021 жыл.

ҰЛТТЫҢ ЕҢ ҰЛЫ МҰРАТЫ



Тәуелсіздік күні ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

● KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

16.12.2021



Түнде:
-5-7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Күндіз:
0+2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

17.12.2021



Түнде:
-5-7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Күндіз:
+5+7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



ҚАСИЕТТІ ДЕ ҚАСТЕРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзі



мыз қабылданды. Ана тілімізге мемлекеттік тіл мәртебесі берілді. Ата дініміз оралып, салт-дәстүріміз жаңғыртылды. Бірлігіміздің бастауы болған Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Әлем елдерімен дипломатиялық қатынас орнықты. Қазақстан беделді халықаралық ұйымдарға мүше болып қабылданды. Стратегиялық даму бағдарымыз айқындалды. Шекара мәселесін заң тұрғысынан шегендеу үрдісі басталды. Қасиетті жеріміз атом қаруынан тазартылды. Елордамыз Есілдің бойына көшірілді. Экономиканы өркендету үшін ауқымды реформалар қолға алынды. Жеке кәсіпкерліктің дамуына жағдай жасалды. Жастарымыз әлемнің үздік университеттеріне оқуға жіберілді. Қазыналы Ұлттық қорымыз құрылды. Ұлы көшке жол ашылып, шетте жүрген қандастарымыз атамекеніне қайтарылды.

Екінші онжылдық – Қазақ елінің өрлеу кезеңі. Біз керегемізді кеңейтіп, тұғырымызды нығайттық. Халықтың әл-ауқатын арттыра түстік. Төл тарихымызды түгендеп, рухани мұрамызды жаңғырттық. Көптеген халықаралық бастама көтердік. Елге қомақты инвестиция әкелдік. Ұлы Жібек жолының бойында ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырдық. Заманауи өндіріс орындарын салып, сан түрлі жаңа өнім шығара бастадық. Тұрғын-үй құрылысының қарқынын күшейттік.

Үшінші онжылдық – Қазақстанның кемелдену кезеңі. Осы уақытта абырой-беделі артқан мерейлі мемлекетке айналдық. Шекара мәселесін біржола шештік. 2050 жылға дейін стратегиямызды қабылдап, дамыған елдердің қатарына қосылуды межеледік. Түрлі бағыттар бойынша ауқымды бағдарламаларды жүзеге асырдық. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы арқылы ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруды қолға алдық. Тұтас түркінің алтын бесігі атанған Түркістанды түлеттік. Саяси реформаларды тың қарқынмен жалғастырдық. Халқымыздың саны 19 миллионнан асты. Осылайша Қазақстан тұғыры берік, мықты мемлекет болды.

• **«Батыс Қытай – Батыс Еуропа» құре жолының еліміздегі бөлігі іске қосылды.**

• **Каспий теңізінің жағасында Құрық айлағы ашылды. Өндіріс саласына серпін берілді.**

• **Аумағы 180 миллион шаршы метрден астам үй салынды. Соның нәтижесінде бір жарым миллион азаматымыздың тұрғын-үй жағдайы жақсарды.**

• **Балаларды балабақшамен қамту көрсеткіші 1999 жылдан бері 10 есе өсті.**

• **Тәуелсіздік кезеңінде 1800-ден астам мектеп салынды. 21 Назарбаев зияткерлік мектебі ашылды. Біз кадр дайындаудың жаңа тәсіліне көштік. Мемлекеттік білім беру тапсырысы жыл өткен сайын көбейіп келеді, соңғы 20 жылда оның саны 5 есе өсті.**

• **Күрделі кезеңге қарамастан «Болашақ» бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Білім беру саласының ең озық мекемесіне айналған Назарбаев университеті құрылды.**

• **Ғылым саласын дамытуға арналған қаржы көлемі бірнеше есе артты. Соның арқасында жаңа институттар мен ғылыми орталықтар ашылуда, жас ғалымдардың қатары көбейуде.**

• **Денсаулық сақтау – ұлттың бәсекеге қабілетін арттыратын маңызды саланың бірі ретінде жаңа деңгейге көтерілді. Тәуелсіздік кезеңінде 1800-ден астам аурухана мен емхана салынды. Елордамызда медицина кластері құрылды. Қомақты инвестицияның арқасында фармацевтика саласында маңызды қадам жасалды. Халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы 71,4 жасқа жетті. Коронавирус індетіне қарсы отандық вакцина жасап шығарылды. Бұл жетістік ұлттық медицина ғылымының әлеуеті зор екенін көрсетті. Медицина қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын жақсартуға, қоғамдағы мәртебесін көтеруге баса мән беріліп жатыр, олардың жалақысы және қосымша төлемақысы көбейтілуде. Ал ұлт саулығын сақтау үшін мемлекетімізде бұқаралық спортпен және дене шынықтырумен айналысуға жағдай жасалуда.**

• **Елімізде 38 спорт нысаны бой көтерді, 8 мыңға жуық спорт алаңы салынды.**

Тәуелсіздік кезеңінде төл мәдениетіміз жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, қайта өрлеу кезеңіне қадам басты. Ауқымды «Мәдени мұра» бағдарламасы жүзеге асырылды. Көптеген құнды жәдігеріміз елдің игілігіне айналды. Тарихи-мәдени мұралар инфрақұрылымы біртіндеп кеңейтілуде. **9 мемлекеттік қорық-музей** құрылды. Үздік әдеби туындыларымыз алғаш рет әлем тілдеріне аударылды. Егемендік жылдарында Қазақстанда 20 театр ашылды. Ұлт киносы әлемге таныла бастады. Қазақ мәдениетінің жаңа шоғыры әйгілі сахналарда өнер көрсетуде. Армиямыз қазіргі заманғы қару-жарақпен қамтамасыз етіліп, еліміздің қорғаныс қабілеті нығая түсті. Сот және құқық қорғау жүйесінде маңызды реформалар жасалып, азаматтардың құқықтары тиімді қорғалуда. Олардың құқық қорғау органдарына сенімі арта түсті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс белсенді жүргізілуде, тиісті заңнамаларды жетілдіру үшін нақты шаралар қолға алынды.

Баршаңызды қастерлі Тәуелсіздігіміздің мерейлі белесімен шын жүректен құттықтаймын!

Біз осыдан отыз жыл бұрын бабалар арманын ақиқатқа айналдырдық. Жаңа Қазақ мемлекеті құрылғанын дүние жүзіне паш етіп, Тәуелсіздігімізді жарияладық. Бірнеше ғасырдан бері үзіліп қалған дербес мемлекеттілік дәстүрімізді қайта жалғадық.

Шын мәнінде, егемендік – елдің бәріне бұйыра бермейтін бақ. Әлемде сан миллион халқы болғанымен, ұлтрақтай жері жоқ қаншама ұлт бар. Ал қазақтың пешенесіне өз мемлекетін құру бақыты жазылды. Бұл – ұлы бақыт, ұлттың бақыты! Бұдан асқан қуаныш, бұдан биік мәртебе бар ма?!

Тәуелсіздік – ең қасиетті, қастерлі құндылығымыз, ең басты байлығымыз. Халқымыз егемендіктің қадір-қасиетін жан-жүрегімен сезінеді. Өйткені, біз азаттықтың құны қандай екенін жақсы білеміз.

Бостандық жолында талай батырларымыз құрбан болды. Қаншама қиын күндер басымыздан өтті. Бірақ халқымыз барлық сынақты қайыспай көтерді. Тағдыр тауқыметі ұлтымыздың жүрегінен азаттық рухын өшіре алмады. Қазақтың қайсар ұл-қыздары қашан да елді бостандыққа үндеп, жігерін жани білді.

Біздің мемлекеттілік тарихымыз көне заманнан бастау алады. Бір кезде бөрілі байрақ көтерген көк түріктер мәңгі ел болуға ұмтылды.

Күлтегін мен Білге қаған туралы тастағы жазулар тарихымыздың тереңдігін танытады. Батыр бабаларымыз бүкіл Еуразияда ат ойнатқан қуатты мемлекеттер құрды. Сайын далада теңдесі жоқ көшпелілер өркениетін қалыптастырды. Алып құрлықтың саяси-экономикалық даму барысына орасан зор ықпалын тигізді. Олар ұрпаққа асқақ рухын және өр намысын мирас етті. Баға жетпес мәдени мұрасы мен жауһар жәдігерлерін табыстады.

Алтын Орда орта ғасырдағы алып мемлекет ретінде белгілі. Қазақ халқы осы ұлық ұлыстың тікелей мұрагері болып саналады. Одан кейін тарих төріне Қазақ хандығы шықты. Қазіргі таңда Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын, Әз Тәукенің Жеті жарғысын білмейтін қазақ кемде-кем.

Мемлекеттілігіміздің берік тұғыры болған дала заңдары ел жадында сақталып, бүгінгі күнге дейін жетті. Төл тарихымыздағы ең күрделі сәттерде халқымыз жұдырықтай жұмыла білді. Бұланты, Орбұлақ және Аңырақай шайқастары – осының айқын дәлелі.

Қазақтың елдік жолындағы ерлігі отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық қозғалыстарда айқын көрінді. Алаш арыстары дербес мемлекет құру үшін жанын пида етті. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ел азаматтары майдан даласында ерлікпен шайқасты. Кеңес заманында зиялыларымыз тіліміз бен ділімізді сақтап қалу үшін аянбай еңбек етті.

Алпысыншы жылдарда төл мәдениетіміз ерекше дамып, қазақ әдебиетінде таланттар шоғыры қалыптасты, бірегей туындылар дүниеге келді. Көркем шығармалар ұрпақ санасын оятып, жақсылыққа жетелейтін тәрбие құралына айналды. Кешегі Желтоқсан қаһармандары Тәуелсіздікті біртабан жақындатқаны анық.

Асқар тау алыстаған сайын асқақ көрінеді. Біздің бабаларымыз қазақтың дербес мемлекет құрып, еркін өмір сүруге құқылы екенін тарих алдында дәлелдеді. Осылайша

мыңжылдықтар тоғысатын тұста азаттық туы көгімізде желбіреді.

Ұлттың ең ұлы мұраты – Тәуелсіздікке қол жеткіздік. Сол сәттен бастап Қазақ елінің ұлы көші болашаққа бет түзеді. Халқымыз өз мемлекетін құруға кірісті. Бұл – тарихи әділдіктің орнауы.

Мүлдем жаңа геосаяси ахуалда мемлекет құру оңай шаруа емес, нағыз көшбасшының ғана қолынан келетін іс. Ең күрделі, бұлыңғыр кезеңде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтай дара тұлға тарих төріне шықты. Анығын айтқанда, Тәуелсіздік шежіресі Елбасының қолымен жазылды.

1991 жылы 1 желтоқсанда халқымыз оған бірауыздан дауыс беріп, сенім мандатын тапсырды. Ал 16 желтоқсанда Президент Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы Конституциялық Заңға қол қойды. Ақиқатын айтсақ, бұл халқымыздың тарихындағы ең қуанышты әрі бақытты сәт болды. Сол сәттен Қазақ елінің жаңа дәуірі – Тәуелсіздік тарихы басталды. 17 желтоқсанда Елбасы Алматыдағы алаңға келіп, елдің ортасына шықты. Тұңғыш Президент «Халқымыздың билігі толық өз қолына тиді. Азат күн туды» деп халықтан сүйінші сұрады. Оның тебіреніске толы сол сөзі жұрттың жадында жатталып қалды.

Бәлкім, бүгін бәрі оңай көрінер. Тіпті, кейбір адамдар Тәуелсіздіктің құндылығын жете түсінбеуі мүмкін. Ал аға буын оның қандай қиындықпен келгенін жақсы біледі. Тарихи күндердің әрбір минутын тек Елбасы ғана жан-жүрегімен сезініп, басынан өткерген деп айтсақ, артық емес. Тұңғыш Президент өзінің бір сұхбатында азаттықтың алғашқы әсерін еске алғаны бар. Онда: «Жұрттың бәрі мәзмейрам болып жатты. Менің де қуанышыма шек жоқ еді. Бірақ қатты қобалжыдым. Өйткені, әрі қарай не боларына алаңдаулы едім» деген болатын. Бұл – шүбәсіз ақиқат. Елбасы айтқандай, «Тәуелсіздікті алу бір басқа, оны сақтап қалу бір басқа».

Президенттің алдында жаңа мемлекет құру міндеті тұрды. Бірақ сонымен қоса өзіне сенім артқан халқын қиындықтан алып шығуы керек болды. Елдегі сан түрлі мәселені шешудің басты жауапкершілігі Мемлекет басшысына жүктелді. Соның бәрін Тұңғыш Президентіміз абыроймен еңсере білді. Түптеп келгенде, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халқымыздың ұлы перзенті екенін өз еңбегі арқылы толық дәлелдеді. Жұртымыз оның дара басшылығымен кедергінің бәрінен сүрінбей өтті.

Бүгінгі мерейлі мемлекетіміз – Елбасымыздың ерен еңбегінің жемісі, көзсіз ерлігінің жеңісі! Ол Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаған тұлға ретінде әлем тарихынан мәңгі орын алады. Тұңғыш Президентіміз жаһан жұртының алдында ұлт мүддесін қорғай білген көреген саясаткер. Қиыннан қиыстырып, тосын шешімдер қабылдай алатын жасампаз реформатор. Осындай бірегей қасиеттің бәрі бойына тоғысқан біртуар тұлғасы бар қазақ – бақытты халық!

Тәуелсіздіктің отыз жылы – біз үшін тұтас дәуірге бергісіз мерзім. Оны үш белеске бөліп қарастыруға болады. Әр онжылдық ғасырдың жүгін аркалап тұр.

Алғашқы онжылдық – жаңа Қазақстанның негізін қалау кезеңі. Осы жылдарда мемлекеттік нышандарымыз белгіленіп, билік жүйесі қалыптасты. Төл теңгеміз айналымға қосылды. Айбынды армиямыз құрылды. Ата Заңы-

**Құрметті қауым!**

Біз жаңа Қазақстанның негізін қалап, іргесін кеңейтуге бүкіл халық болып жұмылдық. Еліміздің өсіп-өркендеуіне әрбір отандасымыз өз үлесін қосты. Біздің барлық жетістігіміз – түрлі кәсіп иелерінің ерен еңбегінің жемісі. Ұстаздарымыз ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беріп, жаңа белеске жол ашты. Дәрігерлеріміз ұлт саулығы үшін барлық күш-жігерін салып еңбек етті. Әсіресе, пандемия кезінде адам өміріне араша түсіп, індетпен аянбай күресті. Әскери қызметшілер ел шебін қас қақпай күзетті. Тәртіп сақшылары тыныштығымызды, қауіпсіздігімізді қорғады. Төтенше жағдай қызметкерлері қатерден қаймықпай, талай жанды аман сақтап қалды. Зиялы қауым мәдениетімізді байытып, ғылыми әлеуетімізді арттырды. Мемлекеттік қызметшілер халыққа қызмет етіп, елдігіміздің тұғырын бекіте түсті. Құрылысшылар миллиондаған шаршы метр үй, мыңдаған шақырым жол салып, өрісімізді кеңейтті. Дикандар дән егіп, шопандар төрт түлігін өргізіп, ырысымызды көбейтті. Мұнайшылар қара алтын өндіріп, қазынамызды байытты. Кеншілер жер қойнауын игеріп, игілігімізді еселеді. Өнерпаздар әлемді мойындатып, Тәуелсіз Қазақстанды жер жүзіне танытты. Спортшылар дүбірлі додаларда Туымызды желбіретіп, Өнұранымызды әуелетті. Кәсіпкерлер өндіріс орындарын ашып, жұртты жұмысқа тартты. Еңселі ел болуымызға барлық саланың, түрлі мамандықтың өкілдері және барша азаматтарымыз бір кісідей атсалысты. Түптеп келгенде, Тәуелсіздікті нығайту дегеніміз – елге пайдасы тиетін нақты жұмыстарды жүзеге асыру. Қазақстан сiздердің жасампаз еңбектеріңіздің арқасында зор жетістікке жетті. Мен осы мерейлі сәтте Тәуелсіздігімізді нығайтуға қосқан үлесі үшін дүйім жұртқа алғыс айтамын!

Қазақстандағы тыныштық пен тұрақтылық үшін, ең алдымен, ел иесі – қазақ халқы – жауапты. Осыны жете түсінетін кез келді. Біз әрдайым кеңпейіл болып, өзге этнос өкілдеріне қамқорлық танытуымыз керек. Сонда ғана берекелі бірлігімізді сақтап, тату-тәтті өмір сүреміз.

Қазақстанның жиырма, отыз жылдан кейінгі болашағы еліміздің әрбір азаматына, яғни әрқайсымызға тікелей байланысты. Бұл – айрықша тарихи маңызы бар мәселе. Алдағы онжылдық Отанымыздың жаңа белеске көтерілетін кезеңі болады деп сенемін.

Бүгінгі ауқымды жоспарларымыз жүзеге асып, толағай табысқа жетеріміз анық. Тұңғыш Президентіміз ұзақ мерзімді стратегиясында еліміздің бағыт-бағдарын айқындап берді. Біз осы бағдарды ұстанып, Ұлт жоспарын жүзеге асырып жатырмыз. Мұның бәрі мемлекетімізді түбегейлі жаңғыртуға, экономикамызды жан-жақты дамытуға және жалпыұлттық бірегейлігімізді нығайтуға арналған.

Елбасымыз жуырда жариялаған мақаласында Тәуелсіздіктің мән-маңызы мен қадір-қасиетін барынша ашып көрсетті. Егемендік жолымыз бүгін де жалғасуда. Осы күрделі жолда кедергілер, қиыншылықтар аз болмасы анық. Оны еңсеруге біз бәріміз әрқашан дайын болуымыз қажет. Осы тарихи шындықты, жауапкершілікті терең сезіне білуіміз керек. Бұл ұстаным мемлекеттік стратегиямыздың өзегіне айналуда тиіс. Сонда ғана ел бірлігі, татулығы нығая бермек.

Құрметті қауым!

Тарихи уақыт өлшемімен қарағанда отыз жыл деген – қас-қағым сәт. Ал өткен оқиғалар тұрғысынан бағаласақ, ғасырларға татитын мерзім. Қазақстан халқы үшін бұл – азаттық жылнамасының тұтас дәуірі.

Жарқын болашағымызға жол салған ұлы жетістіктер кезеңі. Енді Тәуелсіздіктің төртінші онжылдығына қадам басқалы тұрмыз. Бұл кезең бізге жаңа міндеттер жүктейді. Мемлекеттігімізді одан әрі нығайтып, халқымыздың әл-ауқатын арттыра түсуіміз керек. Сондықтан барлық саладағы реформаны міндетті түрде жалғастыра береміз. Ең бастысы, бейбіт өмірді, тыныштық пен тұрақтылықты сақтай білуіміз қажет. Сонда азаматтарымыз Тәуелсіздіктің игілігін әрдайым сезінетін болады. Біздің мақсатымыз – осы.

Бабаларымыз ғасырлар бойы Тәуелсіздікке жету үшін күрессе, ендігі ұрпақ Тәуелсіздікті қорғап, нығайту үшін күреседі. Біз бүгінгі елдік істерді жастарға аманаттаймыз. Қазіргі ауқымды жұмыстың бәрі жарқын болашақ үшін жасалуда. Егемендік кезеңінде ойы азат, рухы биік Тәуелсіздік перзенттері өсіп-жетілді. Шын мәнінде, олардың әлеуеті өте зор, мүмкіндіктері орасан. Еске алсақ, ұрпақ аға буынның тәжірибесін пайдаланып, біздің үмітімізді ақтайды деп сенемін. Жолдарыңыз кедір-бұдырсыз болмайды, сондықтан көп білім алып, рухани жағынан байып, нағыз азамат ретінде қалыптасу керек.

Уақыт тынысын деп басып, заман талабына бейімделе білген жұрт ешқашан ұтылмайды. Кез келген сынаққа дайын тұрады. Біз күш-қуаты мен қарым-қабілеті сай кемел халық болуымыз керек. Күнде өзгеріп жатқан құбылмалы кезеңде бұл мақсатқа жету күрделі екені анық. Қазір әлемге тұрақсыздық факторлары әсер етуде. Оның үстіне, пандемияға байланысты жаңа сын-қатерлер пайда болды. Бірақ жұртымыз қиындықтың бәрін еңсере алатынына сеніміміз зор. Себебі, тұғыры мызғымас мықты мемлекетіміз бар.

Даму жолымызды нақты нұсқап тұрған стратегиялық мақсаттарымыз бар. Еліміз өзінің сара жолынан айнымай, алға қадам баса береді. Біз үшін Тәуелсіздік бәрінен қымбат. Осы баға жетпес құндылығымызды қастерлеп, қуатты Қазақстанды дамыту үшін бәріміз жұмылып, бір ел болып аянбай еңбек етейік.

Жалпыұлттық мерейтойымыз құтты болсын!

Еліміздің абыройы асқақтап, беделі биіктей берсін!

Елбасымыз аман болсын!

Қазақстанымыз мәңгі болсын!

ТҰҒЫРЫМЫЗ – ТЫНЫШТЫҚ, ТІЛЕГІМІЗ – ТАТУЛЫҚ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзі



**Қымбатты отандастар!
Ардақты ағайын!
Қадірлі халқым!**

Ең асыл құндылығымыз – қастерлі Тәуелсіздіктің 30 жылдық торқалы тойымен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сізге мазмұнды баяндамаңыз бен менің ел басқарған кездегі еңбегіме берген аса жоғары бағаңыз үшін зор ризашылық білдіремін.

Тұңғыш Президент ретінде күн-түн демей елдің тағдыр-талайын ойлап, туған халқыммен бірге тынымсыз тер төккен, толассыз уайым кешкен кездердің әр сәті менің жадымда өшпестей жазулы. «Ақ түйенің қарны жарылған» ақжолтай күн, азаттық алған шағымыз дәл кешегідей көз алдымда.

Егемен еліміздің дербес дәуірі, салтанатты сапары сол тарихи оқиғадан басталған еді.

Бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған арман ақиқатқа айналды.

Тәңірге тәубе, көздегеніміз бен көксегенімізге жеттік! Көктен тілегеніміз бен көптен күткеніміз болды. Кеткен есеміздің, шеккен зардабымыз бен кемшін-кемісіміздің орны толды.

Әруақ қолдады, әділет орнады:

«Мың өліп, мың тірілген» қасиетті халқымыз қайта түледі.

Мыңжылдықтар тоғысар тұста байырғы мемлекеттігіміз қайта жаңғырды.

Отыз жылда еліміз тұтас ғасырға татитын ұлы жолдан өтті.

Осы тарихи кезеңде біз бағындырған белестер – Тәуелсіздік дәуірінің бір-бір бедерлі биігі деуге лайық.

Барлығын түйіндей келгенде, ең басты жетістігіміз – біз Қазақстанды әлем мойындаған мемлекет ретінде қалыптастырып, еңселі елге айналдырдық.

Бүгінде жаһан жұртшылығы Қазақ жерін – бейбіт мекен, Қазақ елін – мәртебелі мемлекет, сенімді серіктес ретінде таниды.

Мұндай беделге тек рухы күшті, жұдырықтай жұмылған бірлігі бекем халық қана ие бола алады.

Бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай ынтымағы жарасқан жұртымыздың үлкен-кішісіне сол үшін шынайы алғысымды арнағым келеді.

Осы орайлы сәтте азаттық алудың ауыр жүгін бірге көтеріскен алдыңғы-кейінгі серіктеріме де арнайы рахмет айтамын.

Таяуда «Тәуелсіздік тағылымы» атты мақалам жарық көргенін білесіздер.

Ондағы елім деп еміренуден, Тәуелсіздік деп тебіренуден туған өзекжарды ойларым мен тарихи оқиғаларды қайталаудың қажеті жоқ шығар. Тек алмағайып заманда азулы мен тістінің, күшті менен сұстының олжасы болып кетуден оңай нәрсе жоқ екенін ғана еске салып өткім келеді. Сондықтан жаһандану жалпына жұтылып кетпей, ұлттық жаңғырудың негізін бірлесе нықтауымыз қажет.

Осыдан отыз жыл бұрын Тұңғыш Президент ретінде қызметіме кірісер алдындағы салтанатта маған халқымыздың абыз ақсақалы Шәкір Әбеннов дана бабалар дәстүрімен:

Тар асу, тайганақ жол, кер белесте,

Ел тізінін нық ұстар сен емес пе?!

Халқың сүйген перзенті бол дейтұғын,

Қарт атаң тоқсан бірде мен емес пе?! –

деп ақ батасын берген болатын.

Батаға қоса халықтың келешекке деген үміті мен арман-тілегін жеткізіп, аманат жүктегені әлі есімде.

Өзім басшылық еткен отыз жылға жуық уақыт бойы мен халқымның сенімінен шығуға бар күш-жігерімді жұмсап, саналы ғұмырымды ел игілігі үшін аянбай қызмет етуге арнадым. Еңбегім ақталды деп ойлаймын.

Отанымыз Қазақстан Республикасы Орталық Азияның көшін бастап, ТМД елдерінің төріне жайғасты.

Аллауыт елдермен үзенті қағыстырып, озық мемлекеттермен тең дәрежеде ынтымақтастық орнатты.

Жыр алыбы атанған бабамыз Жамбыл Жабаев кезінде: «Жамбыл – менің жай атым, халық – менің шын атым», – депті ғой. Бүгінде еңбегімді елеген ел-жұртым мені өзінің атына ортақтастырып, «Елбасы» деген мәртебе берді. Өз басым «Ел маған емес, керісінше мен еліме не беремін?» деумен келе жатқан адамын. Бұдан да кейін, ақырғы деміме дейін

туған елімнің тыныс-тіршілігіне алаңдаумен өтерім анық. Ең қиын да күрделі шешімдер қабылдап сәттерде мен әрдайым қалың еліме, қара орман халқыма арқа сүйедім. Маған әрдайым сенім артып, барлық бастамаларыма қолдау көрсеттіңдер. Сол үшін баршаңызға тағы да рахмет!

Біз – текті халықтың ұрпағымыз.

Ғасырлар бойы батыр бабалар ұлан-байтақ жерді ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап, бізге мирас етті. Мен сол ата-бабалар аманатына әрдайым адал болдым. «Ел басына күн туса, ер етікпен су кешер» дегендей, жұртымның жарқын болашағы үшін жанымды аямадым. Бүгін, арада 30 жыл өткен соң сол асқақ армандарымның орындалғанын көру – мен үшін зор бақыт.

Жеткен барлық биіктер – біздікі және бәріміздікі. Оны ешкім де жоққа шығара алмайды. Мен орда бұзар жасқа енді толған Қазақстанның болашақта қазіргіден де қуатты, әлемге әйгілі мемлекеттің бірі және бірегейіне айналғанын қалаймын әрі соған сенемін.

Қазіргі күні біз алдымызға озық 30 ел қатарына қосылу жөнінде өршіл мақсат қойып отырмыз. «Армансыз адам – қанатсыз құс» дегендей, елімізді өркендету жолында бізге ешқашан тоқмейілсуге, тоқтап қалуға болмайды.

Жер көлемі жөнінен әлемде 9-шы орын алатын еліміз басқа да барлық бағыт бойынша болашақта озық 10 мемлекет қатарына қосылса деп армандаймын. Ұлы мұрат жолына белін байлаған ұлтымыз, мақсаткер де жасампаз жұртымыз барда сол арманымың орындаларына сенгім келеді.

Ардақты әлеумет!

Барды бағалаған – озады, жоқты қуалаған – тозады. Тәуелсіздіктен қымбат құндылық, егемендіктен асқан байлық жоқ.

Біз басымызға бақ болып қонған азаттықты аялай білуіміз керек.

«Тірлік басқа болса да – тілек бір, Бармақ басқа болса да – білек бір» деген атадан қалған ұлағатты сөз бар.

Тәуелсіздікті жариялап, тұрлауды ету біздің буынға бұйырған бақыт әрі киелі борыш болды.

Ал сол Тәуелсіздікті қорғау мен ел ырысын еселеу – келер ұрпаққа, жастарымызға асыл парыз әрі аманат.

Заманауи біліммен қаруланған бүгінгі жас толқын Тәуелсіздіктің жаңа жылнамасын жазып жатыр.

Қазіргідей аумалы-төкпелі уақытта бәрін тек білім, ғылым, таудай талап пен табанды ізденіс арқылы ғана толық игеріп, бекем бағындыруға болады.

Осы орайда, мен тәуелсіздік ұрпақтарына – жастарға зор үміт артамын және ақ батамды беремін.

Құрметті қазақстандықтар!

Бізге алдағы уақытта бейбітшілікті жақтайтын саясатымыз бен халықтың әл-ауқатын жақсарту бағытындағы игі әрекеттерімізді жалғастыра беру керек.

Көпшілік халықтың қолдауымен ресми жоғары билік тізгінін қолына алған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бүгінде стратегиялық бағдарымызды лайықты жалғастырып, елді тиімді басқарып келеді.

Елі еріне сенген, ері еліне сүйенген жоралы жұртымыздың ертені бұдан да жарқын боларына күмәнім жоқ. Ынтымақ пен бірлікті ту еткен ел кез келген тар жол, тайғақ кешуден сүрінбей өтетіні анық.

Оны отыз жылда өзгеге де, өзімізге де даусыз дәлелдедік. Ендеше, елдіктің алтын арқауындай ұлттық ауызбірлігімізді ардақтап, Тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтауымыз керек.

Сондықтан әрдайым тұғырымыз – тыныштық, тілегіміз – татулық болуға тиіс.

Қымбатты отандастар!

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы – жасампаз Қазақстан тарихының жаңа бір белесі.

Еліміз мәңгілікке бағыт ұстаған ұзақ жолдың әлі де басында деп санаймын.

Ұлт болып аттанған сол ұлы жолдағы алысты көздеген сапарымыз сәтті болсын!

Баршамызды бабалар аруағы қолдап, халқымызды бейбітшілік пен берекеден айырмасын.

XXI ғасыр Қазақстанның «алтын ғасырына» айналсын.

Тәу етер киеміз – Тәуелсіздік жасасын!

Егемендігіміз баянды, елдігіміз мәңгі болсын!



ЖАҢА ЗАУЫТ

ЕҢ ІРІ ӨНЕРКӘСІПТІК НЫСАН
іске қосылды

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев үлкен диаметрлі болат дәнекерленген құбырлар шығаратын зауытты іске қосу рәсіміне қатысты.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев жұмысшылар мен зауыт басшылығын келе жатқан Тәуелсіздік күнімен құттықтады. Оның 30 жылдық мерейтойы әрбір қазақстандықтың жүрегіне қымбат. Ол екі жыл бұрын Индустриалды аймақтың жұмыс қағидаттары өзгергенін еске салды. Жобаларды іске асыру үшін

кәсіпкерлер мен салалық одақтардың басшылары кіретін қаланың Өңірлік үйлестіру кеңесі іріктейді және бекітеді.

«Осындай тәсілдеменің арқасында біз тоқтап тұрған жобаларды жоққа шығардық және перспективалы өндірістерді іске асыруға мүмкіндік бердік. Ең ірі зауыттардың бірінің іске қосылуы жаңа жұмыс орындарын ашуға және қала экономикасын нығайтуға мүмкіндік берді», – дей келе, қала

басшысы зауыт жұмысшыларына табыс тіледі.

Диаметрі 355 мм.-ден 1420 мм.-ге дейінгі болат дәнекерленген құбырларды өндіру жобасын «Asia Steel Pipe Corporation» ЖШС жүзеге асырды.

Өнім мұнай, газ, су және мұнай өнімдерін тасымалдауға арналған. Сонымен қатар, құбырларды тау-кен, құрылыс, химия өнеркәсібі, энергетика салаларында пайдалануға болады. Сондай-ақ, кәсіпорында коррозияға қарсы жабындар өндірісі жолға қойылған. Жобаның құны 33 млрд. теңгені құрайды. Зауытта 304 тұрақты жұмыс орны құрылды. Жобалық қуаттылығы – жылына 100 мың тонна құбыр өнімі. Жобаны жүзеге асыру үшін Алматы Индустриалды аймағында 18,2 га жер телімі бөлінді.

ТҰРҒЫН ҮЙ

БАСПАНА ҚУАНЫШЫ

кезекте тұрған 211 алматылық пәтер кілтін алды



рынан кезекте тұрғандарға пәтер кілтін тапсырды. Қаланың коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй кезегінде тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарына 211 пәтер бөлінді. Енді олар «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында Алатау ауданында салынған «Мәдениет» ТК тұрғындары атанады.

Б.Сағынтаев қала тұрғындарын келе жатқан Тәуелсіздік күнімен құттықтап, жақсылық пен бақыт тіледі.

Жыл басынан бері 3761 мұқтаж отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Оның ішінде «Бақытты отбасы» республикалық бағдарламасы аясында 156 көпбалалы, 43 толық емес және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған 242 отбасыға 441 несиелік заем, «Шаңырақ» бағдарламасы бойынша 2146 несиелік қарыз берілді. Қалалық «Алматы жастары» жеңілдетілген несие бағдарламасы бойынша 926 несие рәсімделді. Коммуналдық тұрғын үй қорынан 248 пәтер бөлінді. 2021 жылдың соңына дейін жұмыс істейтін жастар арасында 1050 пәтерді бөлу аяқталады.

Жыл қорытындысы бойынша 5394 пәтер берілді.

«Алматы Жастары» қалалық жеңілдікпен несиелендіру бағдарламасы бойынша 926 несие алынды. Көпбалалы отбасыларға сатып алу құқығынсыз 267 жалдамалы пәтер тапсырылды, бүгінде 211 пәтер халықтың әлеуметтік осал топтарының өкілдеріне бұйырды. Сондай-ақ, 29 жасқа дейінгі жұмыс істейтін жастарға 1050 пәтер берілмек.

Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев Тәуелсіздік мерейтойына орайластырылған салтанатты рәсімде халықтың әлеуметтік осал топта-

ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ

Жұмыс сапары барысында Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев Наурызбай ауданының №36 емханасында болды. Емхана базасында Тәуелсіздік күніне орай заманауи құрылғылармен жабдықталған жаңа диагностикалық орталық ашылды.

КОМПЬЮТЕРЛІК
ТОМОГРАФИЯмедициналық қызмет
сапасын жақсартадыНұржамал
ӘЛІШЕВА

Бақытжан Сағынтаев медицина қызметкерлерін Тәуелсіздік күнімен құттықтады. Жаңа Алматы шағынаудандарында заманауи КТ-орталықтарын ашу жедел араласуды талап ететін шұғыл аурулар кезінде патологияларды диагностикалау және ерте анықтау бойынша халыққа қадамдық қолжетімділікті қамтамасыз ететінін атап өтті.

64 тілімдегі компьютерлік томограф жоғары жылдамдықпен сканерлейді. Аппараттың жұмыс істеуі КТ-зерттеулерін басқа емдеу ұйымдарына жіберу қажеттілігін айтарлықтай төмендетеді.

«Жаңа томограф, әрине, пандемия кезінде біз үшін қиын уақытта зерттеу кезектерін едәуір жеңілдетеді. Аппараттың қуаттылығы күніне 40-қа жуық адамның тексеруден өтуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл біздің тұрғындарға медициналық көмек көрсету сапасын жақсартады», – деді Наурызбай ауданындағы медициналық ұйымдардың басшысы Гүлжанат Тілеген.

№36 емхана жанындағы КТ-орталығы тек Наурызбай ауданының ғана емес, Өуезов, Алатау аудандарының, сондай-ақ Алматы облысының Қарасай ауданының тұрғындарына да қызмет көрсететін болады.



Ресми мәліметтерге сүйенсек, бүгінде Алматы қаласының денсаулық сақтау нысандарын жабдықтау көрсеткіші 91,5%-ға жетті. Анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшелерінің жабдықтауы 100%-ға дейін жеткізілді. Жедел медициналық жәрдем жұмысы да айтарлықтай жақсарды. 3 жаңа қосалқы станция салынды. Бригадалар саны екі есеге артты. Автопарк 70% жаңартылды.

Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырмасы бойынша, эпидемиологиялық қатерлер туындай қалған жағдайда елдің ғылыми-медициналық әлеуетін шоғырландыру мақсатында Алматыда инфекциялық аурулардың көпбейінді ғылыми-зерттеу орталығының құрылысы басталды.

Биыл 3 емхананың, 9 отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның құрылысы қолға алынды. Балаларға шұғыл көмек көрсету орталығының және №2 ҚБКА қосымша корпустарының құрылысы, паллиативтік көмек орталығы бар жаңа онкологиялық орталық және Медеу ауданында көпбейінді стационар салынууда.

250 төсектік Балаларды оңалту орталығын және 50 төсектік ерте араласу орталығын орналастыру үшін бұрынғы Алматы теміржол ауруханасын қайта жаңарту және күрделі жөндеу жоспарлануда.

Мереке қарсаңында бірқатар алматылық отбасы қоныс тойын тойлап, қуанышқа кенелді.



МАРАПАТ



ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК САҚШЫЛАРЫ құрметке бөленді

Бүгінде Алматы полициясы гарнизонында 6 мыңнан астам адам бар. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу құрметіне орай қызметінде жоғары көрсеткіштерге жеткен әрі өз ісінің кәсіби мамандары болып саналатын полицейлер марапатталды. Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев тәртіп сақшыларына медальдар, Құрмет грамоталарын салтанатты түрде тапсырды.



**Серік
АНАРБАЙҰЛЫ**

«Барша қазақстандықтар үшін қасиетті күн – Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында біз қоғам қайраткерлерінің, мұғалімдердің, дәрігерлердің, әріне, полицейлердің еңбегін атап өтеміз. Сіздер халықтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғаудасыздар, Алматыда қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етесіздер. Ең бастысы, қала тұрғындары өздерінің қорғалғанын сезінуі керек. Ол үшін біз қажеттінің бәрін жасаймыз», – деді Б.Сағынтаев әрі жиналғандарды келе жатқан Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеуге байланысты Ішкі істер министрінің бұйрығымен, Алматы қаласы әкімінің өкімімен және ПД бұйрығымен қызметтік міндеттерін адал атқарғаны, кәсібилігі, қызметтегі жоғары көрсеткіштері үшін 200-ден астам қызметкер марапатталды.

«Тәуелсіздік мерекесі – үлкен күш-жігердің арқасында осы ұзақ мерзімді құндылыққа қол жеткізген адамдардың көптеген ұрпақтарына құрмет. Біздің алдымызда тиісті қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті тұр. Бұл біздің конституциялық және кәсіби парызымыз және оны жоғары ұйымдастырушылық және сапалы деңгейде орындау – Департамент органдары мен бөлімшелерінің барлық қызметкерлерінің құрметті міндеті», – деп атап өтті Алматы Полиция департаментінің басшысы Қанат Таймерденов.

Өкінішке қарай, осы жылдар ішінде қылмыспен күресте 78 алматылық полицей қаза тапты. Олар Отан алдындағы борышын ерлікпен және адал орындады. Олардың батылдығы мен батырлығы құрметке лайық және еліміздің болашағы үшін қызмет ететін барлық полиция қызметкерлеріне үлгі болады.

АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

ІРІ ЖОЛАЙРЫҚ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Тәуелсіздік күні қарсаңында Алматының жол инфрақұрылымы жағымды жаңалықпен толықты. Кеше мегаполис әкімі Бақытжан Сағынтаев жұмыс сапарымен барып, Рысқұлов даңғылы мен Емцов көшесінің қиылысындағы жолайрық бойымен көлік қозғалысын бастап берді.



**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Бірнеше жыл бұрын құрылысы басталған көлік жолайрығының құрылысы аяқталды. Рысқұлов даңғылы арқылы өтетін эстакаданың ұзындығы 186 метрді құрайды. Оның құрылысы осы аймақта орналасқан құрылыс иелерімен болған сот процестеріне байланысты кешіктірілген болатын.

Бұрындары жекелеген бүйірлік съездері бойынша қозғалыс ашыл-



ған жолайрық Рысқұлов даңғылы бойымен жүретін көліктерді өткізу қабілетін тәулігіне 80 мың автомобильге дейін, Емцов көшесі бойымен – 40 мыңға дейін арттырады.

Биыл Алматының 274 көшесіндегі жаңа жолдардың ұзындығы 415 көшенің 108 шақырымын құрайды. Жалпы ұзындығы 80 шақырымға жеткен 7 шақырым веложол салу жұмыстары аяқталды.

Бұған дейін Құлжа трактісі мен Бұқтырма көшесінің қиылысында салынып жатқан жолайрықта Құлжа трактісі бойынша екі бағытта көлік қозғалысы ашылған болатын. Бұдан басқа, съездер бойынша Бұқтырма көшесінен Құлжа трактісіне шығысқа қарай, сондай-ақ Құлжа трактісі бойымен Бұқтырма көшесіне съезд арқылы, бұрылу алаңына өтпестен қозғалыс іске қосылған.

ЖАҢА ДЕПО

ЗАМАНАУИ ӨРТ СӨНДІРУ ҒИМАРАТЫ

Алатау ауданында Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев пен ҚР Төтенше жағдайлар министрінің бірінші орынбасары Ибрагим Күлшімбаевтың қатысуымен заманауи өрт сөндіру депосының салтанатты ашылуы өтті.



**Серік
ЖҰМАБАЕВ**

Мегаполис әкімі Б.Сағынтаев ТЖД қызметкерлері мен ардагерлерінің басты мерекесі – 30 жылдық мерейтоймен әрі ерекше мәнге ие жаңа депонның ашылуымен құттықтады.

«Тәуелсіздіктің арқасында еліміз, қаламыз өсіп, дамып келеді. Бүгін біз

жоспарлы түрде Жаңа Алматының қалаға қосылған шағынаудандарында жайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етеміз. Сонымен қатар, қоғамдық қауіпсіздік күшейтіліп, полиция бекеттері және биыл екінші рет өрт сөндіру депосы ашылуда», – деп Б.Сағынтаев қала тұрғындарының игілігі үшін жақсы қызмет тіледі.

Жаңа өрт сөндіру депосының жалпы алаңы 3524 шаршы метр. 6 шақырымға есептелген, оқиға орнына дейін жол жүру уақытын қысқартуға мүмкіндік береді және Алатау ауданының Индустриалды аймағын, оның ішінде «Саялы», «Көкқайнар», «Томирис», «Мәдениет» шағынаудандары мен 71 разьездің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттырады.

Ауданның белсенді дамуын ескере отырып, өрт сөндіруге арналған техникамен қатар, бөлік арнайы автотехникамен жабдыкталған, оның ішінде биік ғимараттарға арналған.

«Мұнда 131 қызметкер жұмыс істейді. Бөлімде негізгі және арнайы мақсаттағы 10 заманауи өрт сөндіру автомобилі орналасады. Жеке құрам

үшін тұрмыстық үй-жайлар, демалыс бөлмелері, психологиялық жеңілдету бөлмесі, тренажер спорт залы қарастырылған», – деді Алматы қаласы ТЖД басшысы Руслан Қасымбаев.

Кәсіби дайындық үшін оқу-жаттығу мұнарасы, кедергілері бар 100 метрлік жолақ бар. Сондай-ақ, гарнизон қызметкерлері үшін жатақхана мен пәтерлер қарастырылған. Бүгінгі күні қалада өртке қарсы қызметтің 18 бөлімшесі жұмыс істейді.

Ағымдағы жылдың қыркүйек айында Наурызбай ауданында жаңа өрт сөндіру депосы іске қосылды. Қазір Бостандық ауданының «Нұр-Алатау» шағынауданында өрт сөндіру депосының құрылысы жүріп жатыр.

«Жаңа Алматы» кешенді жоспары орындау аясында Алматы әкімдігінен 33 бірлік өрт сөндіру автотехникасы, өрт сорғы станциясы, екі өрт сөндіру автоцистернасы, 14 өрт сөндіру автоцистернасы, 7 жылдам әрекет ету автомобилі, жеңілдік автомобиль, авариялық-құтқару автомобилі, үш УАЗ автомобилі, шағын автобус, самосвал, екі жүк автомобилі алынды.

ЖАҢА БАЛАБАҚША

БӨБЕКЖАЙ АШЫЛДЫ

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Алматыда 315 орынды №186 бөбекжай-балабақша пайдалануға берілді.



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Жұмыс сапары барысында Әуезов ауданына барған қала әкімі Бақытжан Сағынтаев сейсмикалық нығайту жұмыстары мен күрделі жөндеу жүргізілген балабақша ғимаратын аралады.

Аталмыш бөбекжай-балабақша «Ақсай-4» ықшамауданында орналасқан. Ғимараттың жалпы алаңы – 4343 ш.м. жерді алып жатыр.

Өз сөзінде шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев аталмыш балабақшаны ашу бұрын жалға берілген мемлекеттік ғимараттарды қайтару



жөніндегі қалалық бағдарлама жүргізген жұмыстардың нәтижесінде мүмкін болғанын атап өтті.

Сонымен қатар, биылғы жылы қаламызда 360 орынды үш мемлекеттік балабақша құрылысы аяқталып, 280 орынды тағы бір балабақшаның құрылысы жалғасып жатыр.

Алматыда 4658 орынды 72 жеке-

меншік балабақша ашылса, жылдың соңына дейін тағы да 250 орынды бес жекеменшік мектепке дейінгі мекемені ашу жоспарланып отыр.

Дәл қазір қаламызда 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 64,2%-ы, 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 90,6%-ы мектепке дейінгі тәрбиенен толығымен қамтылған.



ЖАҢА САЯБАҚ

ҚАЛАНЫҢ ЖАСЫЛ БЕЛДЕУІ

Әсел
ДАҒЖАН

Тәуелсіздік күні қарсаңында Алматыда жаңа саябақтың құрылысы басталды.

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев жаңа желілік парктің салынуына қатысты. Іс-ша-

ра Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орайластырылған.

Бақытжан Сағынтаев іс-шараға қатысушыларды, жобаға қолдау көрсеткен меценаттарды, сондай-ақ барша қала тұрғындарын келе жатқан басты мереке – Тәуелсіздік пен құттықтады.

«Жайлы жағдай жасау, Алматы

экологиясын жақсарту жөніндегі кешенді шаралар біздің басты міндеттеріміз болып табылады. Жаңа саябақ Jasyt Almaty жобасы аясында құрылатын қаланың жасыл белдеуінің маңызды бөлігіне айналды», – деді Б.Сағынтаев.

Жаңа парктің құрылуына бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында ірі құрылыс компаниялары қолдау көрсетті. Желілік парктің алаңы – 107,1 га. Ол Алатау ауданында, Б.Момышұлы көшесінің батысында орналасқан.

Бірінші кезеңде 3,2 га алаңда көгалдандыру аясында 600-ден кем емес жапырақты ағаш көшеттері, оның ішінде шегіртше, шаған және кара өрік отырғызылады.

Естеріңізге сала кетейік, Алматыда екінші жыл Jasyt Almaty бағдарламасы жүзеге асырылуда. Оның аясында үш жылда 1 миллион ағаш отырғызу қарастырылған. Бүгінде қаланың барлық аудандарында 530 мыңнан астам ағаш отырғызылған. Биыл 350 мың ағашты отырғызу басталды, қазіргі кезде отырғызылғаны – 115 мыңға жуық ағаш.

БАЛА – БОЛАШАҚ

Орталықтың пайдасы орасан

Айнұр
НҮРСАБЕТ

Алматыда Тәуелсіздік күні қарсаңында психоневрологиялық науқастар мен аутизм бар балаларға арналған орталық ашылды. Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев жаңа оңалту орталығына арнайы барып, жұмыс барысымен танысып қайтты.

Бұрынғы Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының ғимаратына реконструкция жасалып, орнына психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан адамдарға және аутистік спектрі бұзылған балаларға арналған көпбейінді оңалту орталығы ашылды. Орталықта ерте қолдау, оқыту дағдыларын дамыту, диагностика, қараңғы және жарық сенсорика кабинеттері жұмыс істейді, дефектолог пен логопед кес-нес береді.

Сондай-ақ, орталықта тірек-қимыл аппараты бұзылған және психоневрологиялық аурулары бар мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған бөлімше де жұмыс істейді, онда жалпы қабылданған оңалту бағдарламаларынан басқа эрготерапия (ауруы немесе жарақаттану салдарынан қозғала алмайтын немесе күнделікті істермен айналыса алмайтын адамдардың белсенділігін қалпына келтіру), механотерапия (арнайы тренажерлердің көмегімен оңалту) және кинезотерапия (емдік дене шынықтыру нұсқаларының бірі) сияқты қолдау бағдарламалары жұмыс істейді.

Сондай-ақ, мұнда Б.Өтемұратов атындағы қордың аутизм бар балаларды қолдау орталығы да орналасқан. Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев осы орталықтың жұмысымен танысты. «Асыл Мирас» аутизм орталығының жаңа ғимараты Қонаев көшесі, 122 мекенжайында орналасқан. Орталықтың аума-



ғын ұлғайтудың арқасында жылына 300-ге жуық отбасы бейімдеу бағдарламаларымен қамтылады. Б.Сағынтаев Болат Өтемұратов қорының қаланың әлеуметтік мәселелерін шешуге қосқан үлесін ерекше атап өтті. «Асыл Мирас» аутизм орталықтарының желісі аутизм бар балалармен жүргізілетін түзету жұмыстарының эталоны бола отырып, өзінің тиімділігін дәлелдеді.

– Орталықтың жаңа ғимаратқа көшуі мекеме мамандарына көптеген балаларға көмек көрсетуге мүмкіндік береді, – деп атап өтті Б.Сағынтаев.

«Асыл Мирас» Алматыда 2015 жылы Болат Өтемұратовтың қоры ашқан алғашқы аутизм орталығы болды. Өткен 7 жыл ішінде 2,8 мыңға жуық бала АСБ белгілері бойынша диагностикадан өтті. 1,5 мыңға жуық балаға кері өзгеріс анықталған жағдайда, оны жетіспейтін өмірлік дағдыларды дамыту жөніндегі тиісті бағдарламаға тіркейді», – деді Болат Өтемұратов қорының Қамқоршылар кеңесінің төрағасы, доктор Алмаз Шарман.

сөйлеуді түсіну, визуалды қабілеттер мен өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін студиялық пәтердің кішірек нұсқасы болып табылатын өмірлік дағдыларды дамыту кабинеті жабдықталған.

Сондай-ақ, ата-аналармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін 30 орынды конференц-зал бар. Орталықтың барлық қызметтері тегін көрсетіледі.

«Алматы әкімдігіне орталықтың алғашқы күнінен бастап біздің бағдарламаны қолдағаны үшін алғысымды білдіремін. Қала әкімшілігі ұсынған жаңа ғимарат жыл сайын АСБ бар балаларды тәрбиелеп отырған 300-ге жуық отбасын бейімдеу бағдарламаларымен қамтуға мүмкіндік береді. Бұл жерде біздің мамандарымыз АСБ диагностикалауға көмектеседі және балада кері өзгеріс анықталған жағдайда, оны жетіспейтін өмірлік дағдыларды дамыту жөніндегі тиісті бағдарламаға тіркейді», – деді Болат Өтемұратов қорының Қамқоршылар кеңесінің төрағасы, доктор Алмаз Шарман.

БӘРЕКЕЛДІ!

«Үздік спорт өңірі»

Алматы – еліміздің спорт федерациялары арасында дауыс беру нәтижесі бойынша «Үздік спорт өңірі» номинациясын жеңіп алды. Бұл туралы қала әкімі Бақытжан Сағынтаев Twitter паракшасында жазды.

«Ұлттық Олимпиада комитеті Altyn Samgay-2021 сыйлығын табыстады. Алматы – еліміздің спорт федерациялары арасында дауыс беру нәтижесі бойынша «Үздік спорт өңірі» номинациясын жеңіп алды. Қаланың спорт қауымдастығын, бариша алматылықтарды құттықтаймын!», – деп жазды шаһар басшысы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



МЕРЕЙ

Қоғамдық кеңес мүшелері марапатталды

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров мегаполистің Қоғамдық кеңесінің мүшелерін келе жатқан Тәуелсіздік күнімен құттықтап, мерейтойлық медальдармен марапаттау рәсімін өткізді.

Қала әкімінің орынбасары Е.Бабақұмаров құттықтау сөзінде биылғы жылы 30 жылдығын атап өтетін Тәуелсіздік күні барлық қазақстандықтар үшін қасиетті мереке болып табылатынын айтып, ел егемендігі үшін аянбай қызмет еткен белсенділерге алғысын білдірді. «Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаевтың атынан қаланың тыныс-тіршілігінің әлеуметтік маңызды мәселелерін шешуге қосқан үлестеріңіз бен бірлескен жұмыс үшін алғыс айтамын. Біз қала тұрғындарының игілігі үшін салиқалы ынтымақтастықты одан әрі жалғастыратынымызға сенімдімін», – деді Е.Бабақұмаров. Сондай-ақ, жиналған қауымның көпшілігі Кеңес төрағасы Рахман Алшановтың жұмысын ерекше атап өтті. «Еліміздің егемендігі – әр қазақстандықтың алтын қазынасы. Бүгінгі күні мерейлі меркемізді атап өтіп, марапат қағаздарын иеленіп отырмыз. Бұл – біз үшін үлкен бақыт. Осынау ұйымға ерекше алғысымды білдіремін, себебі елімізде эпидемиалық күрделенген кезінде медицина қызметкерлеріне үнемі

қолдау білдіреді», – дейді Балалар жұқпалы ауруханасының бас дәрігері Ержан Болатбекұлы.

Қала әкімінің орынбасары Е.Бабақұмаров Қоғамдық кеңес мүшелерін Қазақстан Республикасы мемлекеттілігін қалыптастыруға, егемендігін нығайтуға және Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерейтойлық медальдармен марапаттады. «Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі» деп айтқан. Оның осы сөзінде үлкен мағына, алматылықтардың атқарған үлкен еңбегі жатыр. Сондықтан мереке бәрімізге құтты болсын!», – деді қоғамдық кеңестің мүшесі Борис Жапаров. Марапатталғандардың арасында ҚР Мәдениет және спорт министрінің кеңесшісі Ержан Әбдірахманов, «ҚазРЕНА» Қазақстан-ның ғылыми-білім беру компьютерлік желісін пайдаланушылар қауымдастығының бас директоры Борис Жапаров, «Қуаныш мекені» ӨК төрағасы Төлеутай Жаббаров, «Таймас LTD» компаниясы» ЖШС бас директоры Гүлжан Қалдабаева, «Гүлден Сауда» ЖШС бас директоры Майра Сағымбекова, Алматы ауданы әкімінің кеңесшісі Құсман Шалабаев, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі Марат Шибұтов, Алматы қаласы ІІД ӘПБ Ардагерлер кеңесінің бастауыш ұйымының төрағасы Айгүл Шөпшекбаева бар.

БЮДЖЕТ

Қала бюджеті әлеуметке бағдарланған

Әсел
БЕЛДЕУБАЕВА

VII сайланған Алматы қаласы мәслихатының депутаттары 2022 жылға арналған қала бюджетін қолдап, кезекті XIII сессияда бекітті. Келер жылға мегаполис бюджетінің жалпы сомасы – 1,4 трлн. теңге.

Келесі жылға арналған бюджет жобасын депутаттарға Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев таныстырды. Өткен жылдардағыдай мегаполистің басты қаржылық құжаты әлеуметке бағдарланған. Осылайша білім беру саласына 197,3 млрд. теңге бөлінді. Қаражат жалпы саны 310 мың оқушысы бар 204 мектепті, 15 интернат мекемелерін, 48 колледжді ұстауға арналған. Бұдан басқа, келесі жылдан бастап білім беру объектілерінің бұрын жекешелендірілген ғимараттарын коммуналдық меншікке қайтару жоспарлануда. Осының арқасында тек Әуезов және Бостандық аудандарында оқушы орындарының тапшылығын қысқарту қарастырылған.

Сондай-ақ, «Айнабұлақ», «Саялы-2», «Ақжар» ықшамаудандарында 640 орынды үш балабақшаның құрылысын бастау, Алатау және Наурызбай аудандарында бес мектеп пен балабақшаны сейсмикалық нығайту, инновациялық шайғармашылықтың екі орталығын салу жоспарлануда. Денсаулық сақтау саласына 38,7 млрд. теңге көлемінде шығындар жоспарланып отыр. Кеңейтілген медициналық көмек көрсету үшін «Мамыр-5», 6 ықшамаудандарында 200 келушіге арналған отбасылық-дәрігерлік амбулатория салу жоспарлануда. Аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға көмек көрсету үшін атаулы әлеуметтік көмекті төлеу және азық-түлік себеттері мен бірінші кезекте қажетті тауарлар беру жоспарланған, оған 947,5 млн. теңге бөлінеді. Бекітілген әлеуметтік көмек тізбесіне сәйкес 4 мың зейнеткерді санаторлық-курорттық емдеу бойынша жеңілдіктерге 2,1 млрд. теңге, 9 мамырға ҰОС қатысушыларына, аз қамтылған азаматтарға бір реттік материалдық көмек қарастырылған. Мүмкіндігі шектеулі тұлға-

ларға 2720 жеке көмекшілер мен қиынмен көрсету тілі мамандарының қызметіне 3,3 млрд. теңге қарастырылған. Халықты жұмыспен қамту бағдарламасын қаржыландыру аясында жастар практикасына, қоғамдық жұмысқа және ерекше қажеттіліктері бар 500 адамның еңбек ақысын субсидиялауға қаражат қарастыру жоспарланған. Жалпы аталмыш бағдарлама аясында 8 мыңнан астам адам қамтылмақшы. Сондай-ақ, көлік саласында барлық бағыттардағы автобус жолаушылар тасымалдарын, теміржол қала маңы қатынастары мен метрополитендегі тасымалдарды субсидиялау жалғасады. Тұрғын үй саласында «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдар мен отбасыларға әлеуметтік көмек ретінде 1 мың тұрғын үй сертификаты қарастырылған. Сонымен қатар, «Алматы жастары» бағдарламасы аясында жастарға «Отбасы банк» арқылы жеңілдетілген несиесі беру жоспарланған. Коммуналдық инфрақұрылымды дамытуға 64,5 млрд. теңге, оның ішінде 50 мыңға жуық «Құрылысшы», «Өжет», «Саялы», «Кемелі», «Жас қанат», «Қарғалы», «Шаңырақ-2» және басқа ықшамаудандардың тұрғындарын сумен қамтамасыз етуге бағыттау жоспарлануда. Медеу, Алатау, Наурызбай аудандарында иесіз желілерді қайта жаңарту жұмыстарын жалғасады. Жол-көлік инфрақұрылымын дамытуға 42,3 млрд. теңге бөлінген. Оның ішінде 200 шақырым жол жабынын жөндеу жоспарланған. Бұқтырма көшесі – Құлжа трактісі, Сейфуллин даңғылы – Жансүгіров көшесі, Саин көшесі – Мөңке би көшесі киілысындағы көлік жолайықтарының құрылысы жалғасады. Сондай-ақ, спортты, туристік инфрақұрылымды дамытуға, аумақтарды көгалдандыруға қаражат қарастырылған.

2022 жылға арналған бюджет жобасы қаланың болжамды даму параметрлері мен әлеуметтік-экономикалық даму болжамын негізге ала отырып қалыптастырылды. 2021 жылдың қорытындысы бойынша бюджетке түсетін түсімдерді күтілетін бағалауға сәйкес өсім 2020 жылға арналған нақты түсімдердің 115% деңгейінде болжанып отыр.



ЗАМАНСӨЗ

Тәуелсіздік – мемлекеттігіміздің алтын діңгегі, дербестігіміздің берік негізі. Тарихы бай, тамыры терең Қазақ елі үшін бұдан асқан қастерлі құндылық жоқ. Оны ең қымбат қазынаға, ең асыл аманатқа балаймыз. Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз және ол бәрінен қымбат!

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының
Президенті.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ АТҚАН КҮН

Ұлттың рухын көтеретін, ұрпақтың мерейін өсіретін мәртебелі мереке

XX ғасырдың 1991 жылының 16 желтоқсаны күллі қазақ үшін қасиетті де қастерлі күн.

Ежелгі қазақ тарихы, қазіргі заман жылнамасы ұмытылмас ұлы оқиғамен өрнектелген, Тәуелсіздік таңы атқан күн.

Қазақ Елі өзінің мемлекеттік Тәуелсіздігін жариялаған күн!

Мемлекет басшысы «Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейтінін» қадап айтты. Тәуелсіздік үшін күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасуы тиіс. «Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес!», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өн бойынды шымырлатып, жаныңды бір рахат сезімге бөлер еркіндік атты тәтті әлемнің кепілі – Тәуелсіздігіміздің Көк Туының көгілдір аспан төсінде желбірегеніне де биыл – 30 жыл!

Президент айтқандай, «Көк Туымыз – Тәуелсіз Қазақстанның ең басты рәмізі. Халқымыз үшін азаттықтан асыл, байрақтан биік құндылық жоқ. Қазақтың тарихы «Туың жығымасын!» деген бір ауыз тілекке сыйып тұр. Бабаларымыз қашан да туын биік ұстаған. Елдігі сынға түскен сәтте байрақ астына бірігіп, тұтастығын танытқан. Ерлік пен бірліктің дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, Тәуелсіздік дәуіріне ұласты. Егемен елдің Көк Байрағы – мызғымас мемлекеттігіміздің белгісі. Біздің міндетіміз – кейінгі ұрпаққа кемел және қуатты Қазақстанды аманаттау!».

Бұл отыз жыл тарих үшін қасқағым сәт болғанымен, дәуіріміздің ширек ғасырлық шежіресі қазақ қоғамы үшін қай қазынадан да қымбат бағаланбақ.

Ғұмырлық тамыры ғасырлармен үндескен, кеңестік бодандықтың қамытымен күн кешкен байырғы қа-



зақ, жаһанды дүр сілкіндіріп, сол жетпіс жылдық бұғау-қапасты бұза жарып шығып, кеңестік империя тамырына балта шауып, әйгілі «Желтоқсанда» мұзға алау жаққан қазақ жұлдызы жанған сол бір аласапыран тоқсаныншы жылдарда қайта атқа қонып, ұлттық намысты ұлықтап, «дүйім дүниенің қандай дүбірлі додасына да тайсалмай түсіп, кім-кіммен де жалтақсыз жарысып» келе жатқан бүгінгі қазақ тағдырлық несібесін қайтарып, тәуелсіздігін тұғырлатқанына да 30 жыл бопты. Егемендігін еншілеген Қазақ Елі осы отыз жылда төбедегіні де, бүйірдегіні де, есіктегіні де аузына қаратып, қазақы мақаммен айтқанда, «айды аспаннан бір-ақ шығарды». Бүгінде Мәңгілік Елге ұмтылған Қазақ Елі азулы да адуынды деген Америка Құрама Штаттарымен де, байсалды да бақуатты деген Батыс елдерімен де, Еуропаның, Оңтүстік Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азияның кіл мықтыларымен де, жалпы, жержаһанның өркениеттілер көшіндегі барлық мемлекеттерімен де дерлік терезесі тең жағдайда пікірлесетін болды, қоғамдасу шарттарын ұсына-тын, ынтымақтасуға ұмтылатын болды деп айта аламыз. Бұған мысалды алыстан іздеудің қажеті жоқ, өткен жылдар бедеріндегі газет тігінділерін бір ақтарып, ғаламтор-

ды көреген көзбен бір шолып шықсаңыз болды. Қазақстан ішкі, сыртқы саясатта да, қауіпсіздікте де, экономикада да, руханиятта да дүние жүзінің үлкенді-кішілі өркениеті өркендеген мемлекеттерінің барлығымен дерлік жарасым тапқан. Бұл тұрғыда қоғамдағы түрлі көзқарастарға ұсынар, айғақтауды қажет етпейтін, біз білетін қағидалық үш қисын, үш анық бар.

Біріншіден, төрт құбыламызды түгендеп, жан-жағымызды бекемдеп, ел шекарасын бұлтартпастай,

айнала шегендеп алдық. Төрткүл дүние мемлекеттерінің ортақ шаңырағы саналатын Біріккен Ұлттар Ұйымының төріне озып, Ұлы Дала Елінің даралығы мен даналығын дәлелдедік.

Екіншіден, дүние жүзін өрелі өркениетімен арбаған «Азия жолбарыстарының» қатарына нық қадам басып, «өзіне тән тектілігімен, алғырлығымен, жасқануды білмейтін төкаппарлығымен, батылдығымен дараланатын, бойына батыстың талғампаздығы, шығыстың кеменгерлігі мен төзімділігі тән» «Орта Азия Барысымен» қазір әлем санасатын болды.

Үшіншіден, ұлттық мақсат-мүддесімен, саналы салт-дәстүрімен, ерлік рухымен, ешкімнен қаймықпас қайсарлығымен жаһандық өркениетті мойындатып, «тар жол, тайғақ кешулермен» мыңжылдық жолды тарихи қысқа мерзім ішінде еңсерген Қазақ Елі бүгінде басқаға жалтақтайтын күннен біржола кетті. Бұл – бұлтартпас шындық, тарихи факт. Міне, сондықтан да биылғы жыл қазақ үшін ерекше мерейлі де тағылымды жыл. Мәңгілік Елді мақсат тұтқан қазақ жұрты бүгінде өз тұғырынан әлемге асқақ қарайды. Тәуелсіздігімен, Қазақ Елі!

Төрехан ДАНИЯРОВ.

ЗИЯЛЫНЫҢ СӨЗІ

Сәбит ОРАЗБАЕВ,
театр қайраткері:

Тәуелсіздіктің тірегі – адал азаматтар

Тәуелсіздіктің жеке адамға, тұтас ұлтқа бергені де, берері де мол. Кеңес үкіметінің бұғауынан босап, егемендікке жету үшін қазақ халқы талай тар жол, тайғақ кешуден өткені баршамызға аян. Бізді төл руханиятымыздан ажыратуға тырысқан жүйеден тәуелсіздіктің арқасында құтылды. Енді міне, бодандықтың құрсауынан босағаннан кейін азды-көпті 30 жылдың ішінде дініміз де, тіліміз де, мәдениетіміз де жыл сайын қанатын кеңге жайып, тамырын бекіте түсті. Аллаға мың да бір шүкір! Қазір шын жүрегімен қазаққа қызмет етуді мақсат ететін талапты, иманды жастардың өсіп келе жатқандығы қуантады. Тәуелсіздіктің тірегі – адал азаматтар. Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойымен барша қазақ халқын құттықтай отырып, әр отбасына елге шын жанашыр, таза, тек ақиқат жолында жүретін арлы ұрпақ тәрбиелеуді нәсіп етсін деп тілеймін.

Нұртөре ЖҮСІП,
қоғам қайраткері:

Демографияда кеткен есепті қайтарайық

Қазақ елінің ең қастерлі мерекесі – Тәуелсіздік күні! Бұл ұлық мереке халқымыздың қаншама жылдан бері арманы, аңсары болды. Еркіндікке қолымыз жеткен кезде өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілгендей қуандық. Енді осы азаттығымызды әрбір азамат көзінің қарашығындай сақтауы керек. Тәуелсіздіктің 30 жылында еліміз жаңа арнамен тың бағытта даму жолына түсті. Әлемнің ең дамыған 50 елінің қатарына қосылуды мақсат етіп қойдық. Әлеумет, экономика, мәдениет, өнер секілді түрлі салалар бойынша еліміз үлкен жетістіктерге жетті. Осының бәрі халықтың көз алдында жүзеге асып келеді. Еліміздің өсіп-өркендеуіне аз да болса, үлесімізді қосып жүргеніміз үшін бақыттымыз. Еңсесі биік, тұғыры берік еліміздің әрбір азаматын, әр шаңырақты осынау ұлық мерекеміз құттықтаймын! Қазақ халқына мықты денсаулық тілеймін. Сана-мыз жаңғырып, намысымыз бен рухымыз шыңдала берсін. Халқымыздың саны көбейіп, демографияда кеткен есепті қайтарайық. Осы бағыттарға күш салсақ, адапасымыз анық.

Жанарбек ӘШІМЖАН,
ақын, журналист:

Еліміздің сырты жаудан, іші даудан аман болсын!

30 жылға толған қазақ елінің Тәуелсіздігі – бұл қазақ халқының маңдайына бұйырған бақыты, бүгінгі ұрпақтың баға жетпес қазынасы. Осы бағымызды тайдырмай, тәуелсіздікті ұстап тұра алсақ, ұрпақтан-ұрпаққа аманат ете алсақ деген тілегіміз бар. Ата-бабаларымыз армандаған қазақтың өр рухына лайықты мемлекет, бірлігі берік қоғам құруға қадам бассақ, тәуелсіздігіміз де мәңгілік болмақ. Еліміздің сырты жаудан, іші даудан аман болсын! 30 жыл ғана емес, бірнеше ғасырларға ұласа беретін елдігімізбен мәңгілік жасай берейік. Мызғымас тәуелсіздігіміз баянды болғай! Мемлекетіміздің келешегін кемел ететін, ертеңге деген сенімді арттыратын ұл-қыздарымыз ортақ шаңырағымыздың бір-бір уығындай болуына, жас ұрпақтың еңселі тұлға болып қалыптасуына қызмет ететін қоғамды бірге құрайық. Қазақ елінің азаттығы мәңгілік болып, Көк Туымыз тұғырдан түспесін!

Әзірлеген Айнуір СЕНБАЕВА.

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Балалар әлемді әдемі етіп көреді. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында олар да кішкентай жүректерімен Отанға деген тілегін арнап, ойларын білдірді.

Шұғыла ЕРНАЗАР, 4 жаста:

– Біз бақшада күнде «Алтын күн аспаны» деп ән айтамыз. Апайым оны еліміз туралы деді. Сол үшін оны айтқан кезде жүрегімізді қолымызбен ұстап тұруымыз керек екен. Біз солай елімізді жақсы көретінімізді көрсетеді екенбіз. Мен өзім тұратын елді жақсы көремін. Өйткені, онда менің анам, әкем бар. Мылтықтың даусынан қорқамын. Соғыс деген ешқашан болмаса екен. Көп гүлдер өсіп тұрғаны ұнайды.

Ералы ТҮРҒАЛИ, 5 жаста:

– Бақшада біз күнде жаттығу жасап, таңертеңгілік ас ішеміз. Сосын жазу жазып, сурет саламыз. Құрастырмақтармен ойындар ойнаймыз. Менің онда достарым көп. Ән айтамыз, би билейміз. Апайларымыз қуыршақтарды сөйлете алады, біз оған күлеміз. Кеше Қазақстанның суретін салдық. Мен Туымызды көк түспен боядым. Әлісұлтан құсты сары түспен бояды. Біз сөйтіп мерекеге дайындалдық.



Егемен елдің ертеңі

Айша ӘСЕТ, 7 жаста:

– Мен Қазақстанды жақсы көремін. Кеше гимнастикадан жарысқа қатысып, 3-орын алдым. Анам мені 3 жасымнан бастап гимнастика үйірмесіне апарды. Ал мектепте Тәуелсіздік күніне арналған ашық сабақ өтті. Үйде бәріміз бірге сурет салдық. Әкем «Қазақстан – біздің үйіміз» деді. Маған домбыра тартып үйрену керектігін айтты. Енді жазғы демалыс кезінде домбыра үйірмесіне баратын болдым.

Томирис МӘУЛЕНҚЫЗЫ, 6 жаста:

– Анам «Тәуелсіздік күніне көп күн демаламыз» деді. Өйткені, ол күн маңызды күн екен. Енді мен де сол күнді күтіп жүрмін. Демалыста ата-анаммен бірге туыстардың үйіне барғым келеді. Білесіз бе, біздің қаламыз Тәуелсіздіктің бесігі екен. Оны атам айтты. Әрине, мен оны түсіне бермеймін, бірақ маған осындай тыныш, әдемі заман ұнайды. Тәуелсіз ел болмасақ, біздің үйіміз, бөлмеміз, ойыншықтарымыз болмай қалады ғой. Ата-анамыздың да жұмысы болмай, ақшасы таусылады. Сосын бізге тәттілерді кім сатып әпереді? Оны бізге сабақта апайымыз айтты.

Әзірлеген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЕЛ ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛДІ

Абай даңғылын ұзарту учаскесінде қозғалыс ашылды

Тәуелсіздік күні қарсаңында мегаполис әкімі Бақытжан Сағынтаев жұмыс сапары кезінде Абай даңғылының өтпелі қозғалыс ашылған учаскесін аралап көрді.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Абай даңғылында Наурызбай ауданының әкімшілік орталығында

Әшімов көшесінің үстінен 400 метрлік эстакада салынды. Оның қозғалысын айдың соңына дейін ашу жоспарлануда. Бұл телімде бағдаршаммен реттелетін уақытша қозғалыстың сызбасы ұйымдастырылған.

Абай даңғылын ұзарту жобасын іске асыру барысында Қарғалы өзені арқылы да көпір салынды. Даңғылды қаланың батыс шекарасына дейін ұзарту көліктің кедергісіз өтуіне мүмкіндік берді.

Мегаполис әкімі Б.Сағынтаев құрылысшыларға алғыс айтып, оларды алдағы Тәуелсіздік күнімен құттықтады. Жұмысшылар қысқа мерзімде күрделі жобаларды аяқтады, соның арқасында көлік инфрақұрылымы жақсарып, қала тұрғындарының мобилділігі артты.

Жұмыс сапары кезінде Бақытжан Сағынтаев салынып жатқан Б.Момышұлы метро станциясын аралап көрді. Онда әрлеу жұмыстары аяқталып, жабдыктарды іске қосу-жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ағымдағы жылдың соңына дейін Б.Момышұлы және Сарыарқа станцияларын техникалық іске қосу жоспарлануда.

Момышұлы көшесінен Алатау көшесіне дейін ұзындығы 3,5 шақырым учаскенің құрылысы аяқталуда. Екі бағыт бойынша көлік қозғалысы үшін үш жолақ қарастырылған.

Өңірлік штаб

МӘМС мүмкіндігі мол

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров МӘМС-тің өзекті мәселелері бойынша Өңірлік штаб отырысын өткізді.

Медициналық сақтандыру қорының қалалық филиалы, Қоғамдық денсаулық басқармасы, аудан әкімдіктері мен емхана басшыларының қатысуымен өткен кеңес барысында бекітілген халықтың дерекқорын өзектендіру және сақтандырылмаған азаматтарды қала экономикасына тарту жөніндегі шаралар мәселелері қаралды. Штаб отырысы барысында Ержан Бабақұмаров халықты барынша қамту бойынша жұмыс жүргізу қажеттігін атап өтті.

МӘМС жүйесіне қатысу сапалы және толыққанды медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті шеңберінде қала тұрғындары медициналық қызметтердің кеңейтілген спектріне, оның ішінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің пакетіне кірмейтін рәсімдерге қол жеткізе алады.

Барлық өзекті мәселені шешу мақсатында қала әкімінің орынбасары Е.Бабақұмаров сақтандырылмаған халықты қала экономикасына тарту бойынша іс-шаралар пакетін қабылдауды тапсырды. Бұл ретте жұмыспен қамтуды, оның ішінде NEET санатындағы жастарды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік қолдау құралдарын кеңінен пайдалану қажеттігін атап өтті.

Аудан әкімдіктері, Қоғамдық денсаулық басқармасы, Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы, МКД және МСАК-пен бірлесіп, ШОБ субъектілерінің төлемдерді уақытылы төлеуі, бекітілген халық тіркеліміндегі деректерді өзектендіру, сақтандырылмағандарды анықтау және олардың ағымдағы әлеуметтік мәртебесін айқындау бойынша жұмыс жүргізуі тиіс. Бұл ретте МӘМС мүмкіндіктері туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жалғастыру қажет.

Тақырыпқа орай қосымша ақпаратты Qoldau 24/7 қосымшасы, Saqtandyru телеграмм-боты және fms.kz сайты арқылы алуға болады. Ал сақтандыру мәртебесі болмаса, жарналарды төлеуді бастау ұсынылады.

Айтылды – жасалды

БАЛАЛАР ТЕГІН ЖАТТЫҒАДЫ

Қала әкімдігі 41 мыңнан астам баланың спорт секцияларындағы сабағын қаржыландырады

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматыда мыңға жуық бала ашық спорт алаңдарында тегін жаттығады. Мегаполисте 2400-ден астам ашық спорт алаңдары бар. Бұл көрсеткіш жыл сайын артып келеді.

«Еңбек» бағдарламасы аясында 42 маман-жаттықтырушы мыңға жуық балаға сабақ береді. Жаттықтырушылар саны тағы да жиырма спорт тәлімгеріне ұлғайтады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясы барысында Алматы қаласы Спорт басқармасының басшысы Рүстем Байсейітов мәлімдеді. Сонымен қатар, «Жекпе-жек» алты аудандық ашық орталықтарында БЖСМ-нің 14 жаттықтырушысы жаттығу процесін ұйымдастырды.

Спикер осылайша көптеген балаларды спорттық өмір салтына тарту міндеті іске асырылып жатқанын хабарлады. Бүгінде әр баланың

тегін жаттығуға, жаттықтырушылармен сөйлесуге, пікірлестермен танысуға және бос уақытын пайдалы өткізуге мүмкіндігі бар. «Біз 61 мектепте спорт аймақтарын жаңғырту жұмыстарын жалғастырдық. Футбол алаңдарын, волейбол және баскетбол алаңдарын, воркаут және жүгіру жолдарын салу көзделген. Бүгінде Алматы мектептерінің спорт залдарымен және спорт жабдыктарымен қамтамасыз етілу көрсеткіші 100%-ды құрайды және еліміздегі ең үздік болып табылады», – деп хабарлады Спорт басқармасының басшысы.

Балалар-жасөспірімдер мектептеріндегі спорттық инвентарды модернизациялау және таяудағы үш жылда толыққанды жаттығу процесі үшін қолда бар инфрақұрылымды жөндеу жоспарлануда. Соның ішінде жоғары спорт шеберлігі мектебінің ғимараты мен Орталық стадионның қосалқы алаңы жөнделетін болады. Сондай-ақ, қала әкімдігі 41 мыңнан астам баланың спорт секцияларындағы сабағын қаржыландырады.

Бұл мақсатқа қалалық бюджеттен 956 миллион теңге бөлінді. 4 жасан 18 жасқа дейінгі жас ал-

матылықтар мемлекеттік спорттық тапсырыс пен жан басына шаққандағы қаржыландыруды жүзеге асырудың арқасында спорттың 71 түрі бойынша үйірмелер мен секцияларға тегін бара алады.

Бүгінде Р.Байсейітовтің айтуынша, Мемлекет басшысы бастамашылық еткен жоба Бірыңғай Республикалық ARTSPORT.EDU.KZ электронды платформада жүзеге асырылуда. «Ата-аналардың Алматыдағы барлық тегін секциялармен танысып, үйден шықпай-ақ балаға ең қолайлысын таңдауға мүмкіндігі пайда болды. Бұл платформа баланы онлайн-режимінде жазуға мүмкіндік береді, бұл жұмыс істейтін ата-аналар үшін өте ыңғайлы. Биыл барлығы 53 526 өтінім беріліп, 37 спорт түрінен 41 530 өтінім бойынша вучерлер іске қосылды», – деп хабарлады Спорт басқармасының басшысы. Ол қаланың спорт мектептерінде 855 жаттықтырушы-оқытушы жұмыс істейтіндігі туралы мәліметтерді келтірді, оның ішінде 594-і штаттық жаттықтырушылар, 166-і жоғары санатты жаттықтырушы, 104-і бірінші санатты жаттықтырушы және 11-і екінші санатты жаттықтырушы екендігін атап өтті.

ӘН-ШАШУ

Елдіктің
асқақ өлеңіРая
ЕСКЕНДІР

«Көк Тудың желбірегені,
Қазақтың асқақ беделі...».

Осынау сағынышқа толы әнді естіген кез келген жанның ерекше тебіреніп, рухы оянары сөзсіз. Бұл ән Отанына асыққан, алыста жүрген бауырларымыздың ғана емес, талайымыздың бойымызға патриоттық сезімді қалыптастырды. Бұл ән атамекеніне, тарихи Отанына жете алмай, өзге елде жүрген талай қандасымыздың жүрегінің лүпілі. Тәуелсіздік мерекесіне орай, осынау әннің қалай дүниеге келгені туралы сөз қозғауды жөн көріп отырмыз.

Әннің туу тарихы да қызық. Алдымен әннің сөзі дүниеге келеді. Оның сөзін жазған белгілі ақын Алмас Ахметбеков былайша еске алады:

– 1992 жылы 22 мамырда Алматыда Тәуелсіздігіміздің Көк Туы қабылданып, оны бүкіл телеарналар көрсетіп жатты. Осынау тарихи сәтті Қытайдың Шәуешек деген қаласында тұрып жатқан бір топ қазақ бауырларымен бірге мен де тамашаладым. Меніңше, Отанға деген сағыныштың не екенін басынан өткізген жан ғана түсінсе керек. Елден алыста, жырақта жүрген қандастарымның сол сәттегі тебіренген сәтін тілмен жеткізу еш мүмкін емес еді. Оларды көріп, мен де қатты толқыдым. Елбасымыз тізерлеп, байрақты сүйген кезде онсыз да тебіреніп отырған біз көз

жасымызға ерік бердік. Сол Көк Туды мен Қорғас шекарасынан өтіп келе жатқанымда көрдім. Елге деген сағынышым көк жүзінде еркін тербелген байрақтың бейнесі қосылды. Сол сәтте бойымды ерекше сезім билеп, осы «Көк Тудың желбірегені» деген өлең жолдары көңілге оралған еді. Кейін Алматыға келген соң өлеңнің қалған жолдарын жаздым. Дайын болған өлеңнің әнге сұранып тұрғанын байқап, Еркін Ергенұлы деген сазгерден мәтінге ән жазып беруін өтіндім.

Дегенмен, ақын-сазгер, опера әншісі Ермұрат Зейіпханұлының жазған нұсқасы көңілімнен шықты. Өте талантты, өлеңнің табиғатын түсінетін, елге деген сағынышты басынан кешкен Ермұраттың жазған екі нұсқасы да сәтті шықты. Біз «Көк Тудың желбірегені» әнінің қазіргі орындалып жүрген соңғы нұсқасын таңдадық. Бұл әнді алғаш рет әйгілі опера әншісі Майра Мұхаммедқызы орындады. Сосын опералық бағытта бірнеше дауыста орындалып, радиодан беріліп жүрді, – дейді ақын.

Осы күнге дейін осынау керемет әнді бірнеше әнші орындаса да, оның нағыз бағын жас әнші Ибрагим Ескендір ашты. Әнші Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арнап, «Көк Тудың желбірегені» әніне «Қазақстан» ұлттық арнасының қолдауымен бейнебаян да түсірді. Бүгінде Отанға деген сағынышты арқау еткен ән төрткүл дүниенің бұрышында жүрген барша қандастарымыздың Әнұранына айналып отыр.

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында ақын Алмас Ахметбеков «Алатау» дәстүрлі өнер театрында қалалық Мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен «Көк Тудың желбірегені» атты кеш өткізді. Кеш барысында ақынның Отанына, елі мен жеріне арналған патриоттық өлеңдері оқылды. Ақынның сырлы жырлары талай жүректі толқытты.

«Көк Тудың желбірегені» әні Әнұран болмаса да, ұранға айналған ән. Өзін Жұмекеннің шәкірті санайтын ақын «Жұмекеннің 100 өлеңі» атты монографиялық еңбегін жарыққа шығарды.

КӨК ТУДЫҢ ЖЕЛБІРЕГЕНІ

Өлеңі: Алмас Ахметбекұлынікі,
Әні: Ермұрат Зейіпханұлынікі.

Көк Тудың желбірегені –
Қазақтың асқақ беделі.
Махаббат, қайрат екеулеп,
шымырлатқаны денені.

Көк Тудың желбірегені –
жанымға қуат береді.
Таласқа түссе жан мен ту
жан емес,
маған керегі –
Көк Тудың желбірегені.

Көк Тудың желбірегені –
елдіктің асқақ өлеңі.
Жан-жаққа тартпай, Қазағым,
бір сөзге жинал дегені.

Көк Тудың желбірегені –
бақыттың елжірегені.
Қиырда қалған Қазақтың,
көзінің мөлдірегені.



Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2021 жылғы 14 желтоқсандағы №98 шешімі Алматы қаласы Әділет департаментімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізліміне 2021 жылғы 14 желтоқсанда №25768 болып енгізілді.

2021 жылғы 14 желтоқсандағы

ШЕШІМ

№98

Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 14 желтоқсандағы №517 «Алматы қаласының 2021–2023 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

ШЕШІТІ:

1. Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 14 желтоқсандағы №517 «Алматы қаласының 2021–2023 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізлімінде №673 болып тіркелген), келесі өзгерістер енгізілсін:
1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«1. Алматы қаласының 2021–2023 жылдарға арналған бюджеті осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2021 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:
1) кірістер – 915 854 181 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 714 932 939 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 14 570 690 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 21 429 764 мың теңге;
трансферттер түсімдері – 164 920 788 мың теңге;
2) шығындар – 940 641 554,4 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 20 533 753 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 21 638 225 мың теңге, оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 21 925 225 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -66 959 351,4 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профициті пайдалану) – 66 959 351,4 мың теңге;
6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«6. Қала бюджетінде жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерді қаржыландыру 9 438 749 мың теңге сомасында бекітілсін;
7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«7. Қорғаныс шығындары 6 069 231 мың теңге сомасында бекітілсін;
8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«8. Қоғамдық тәртіпті, қауіпсіздікті, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметті қамтамасыз ету бойынша шығындар 20 660 710 мың теңге сомасында бекітілсін;
9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«9. Білім беру шығындары 236 491 871,4 мың теңге сомасында бекітілсін;
10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«10. Денсаулық сақтау шығындары 50 132 636 мың теңге сомасында бекітілсін;
11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«11. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету шығындары 34 325 838,6 мың теңге сомасында бекітілсін;
12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«12. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындары 153 000 935 мың теңге сомасында бекітілсін;
13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«13. Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік шығындары 35 441 544 мың теңге сомасында бекітілсін;
14-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«14. Отын-энергетика кешеніне және жер қойнауын пайдалану шығындары 19 544 695 мың теңге сомасында бекітілсін;
15-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«15. Ауыл шаруашылығы, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың, қоршаған орта мен жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары шығындары 13 526 838 мың теңге сомасында бекітілсін;
16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«16. Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметтеріне шығындар 3 990 391 мың теңге сомасында бекітілсін;
17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«17. Көлік және коммуникация шығындары 113 008 009 мың теңге сомасында бекітілсін;
18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«18. Басқа да шығындар 70 244 722 мың теңге сомасында бекітілсін.
2. Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
3. Осы шешім 2021 жылдың 1 қантарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының хатшысы

С.КАНКУРОВ

Алматы қаласы мәслихатының
2021 жылғы 14 желтоқсандағы №98
шешіміне қосымша

Алматы қаласы мәслихатының
2020 жылғы 14 желтоқсандағы №517 шешіміне 1-қосымша

Алматы қаласының 2021–2023 жылдарға арналған бюджеті

Санаты					Сомасы, мың теңге
Сыныбы		Атауы			
Ішкі сыныбы					
Специфика					
1		2			3
				I. Кірістер	915 854 181,0
1				Салықтық түсімдер	714 932 939,0
	01			Табыс салығы	486 198 904,0
		1		Корпоративтік табыс салығы	229 297 909,0
		2		Жеке табыс салығы	256 900 995,0
	03			Әлеуметтік салық	151 347 124,0
		1		Әлеуметтік салық	151 347 124,0
	04			Меншікке салынатын салықтар	48 432 595,0
		1		Мүлікке салынатын салықтар	32 027 393,0
		3		Жер салығы	3 768 798,0
		4		Көлік құралдарына салынатын салық	12 631 384,0
		5		Бірыңғай жер салығы	5 020,0
	05			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	24 354 316,0
		2		Ақциздер	14 274 555,0
		3		Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2 910 328,0
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	7 167 156,0
		5		Ойын бизнесіне салық	2 277,0
	08			Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	4 600 000,0
		1		Мемлекеттік баж	4 600 000,0
2				Салықтық емес түсімдер	14 570 690,0
	01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1 653 449,0
		1		Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	315 782,0
		3		Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивиденттер	49 029,0
		4		Мемлекет меншігінде тұрған, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	136 747,0
		5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1 000 770,0
		6		Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	99 166,0
		7		Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	19 219,0
		9		Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	32 736,0
	02			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	4 372,0
		1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	4 372,0
	03			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	4 935,0
		1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	4 935,0
	04			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	11 242 055,0
		1		Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	11 242 055,0
	06			Өзге де салықтық емес түсімдер	1 665 879,0
		1		Өзге де салықтық емес түсімдер	1 665 879,0
3				Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	21 429 764,0
	01			Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	17 264 764,0
		1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	17 264 764,0
	03			Жерді және материалдық емес активтерді сату	4 165 000,0
		1		Жерді сату	4 000 000,0

		2		Материалдық емес активтерді сату	165 000,0
4				Трансферттер түсімдері	164 920 788,0
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	164 920 788,0
		1		Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	164 920 788,0

Функционалдық топ					Сомасы, мың теңге
Функционалдық кіші топ					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					

				II. Шығындар	940 641 554,4
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	9 438 749,0
		111		Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының аппараты	148 050,0
			001	Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	144 982,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 068,0
		121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	2 401 720,0
			001	Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қызметін қамтамасыз ету	2 312 363,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	89 357,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	4 140 820,0
			001	Қаладағы аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	3 127 403,0
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 013 417,0
		325		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	78 269,0
			013	Республикалық маңызы бар қала, астана Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	78 269,0
		379		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясы	345 299,0
			001	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	339 718,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 581,0
		318		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік активтер басқармасы	958 728,0
			001	Жергілікті деңгейде коммуналдық мүлікті және мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	632 071,0
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	9 025,0
			011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	31 059,0
			014	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	286 573,0
		320		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың стратегия және бюджет басқармасы	61 474,0
			010	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	61 474,0
		320		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың стратегия және бюджет басқармасы	706 357,0
			001	Экономикалық саясат, жоспарлау және бюджетті атқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	705 554,0
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	803,0
		369		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың діні істері басқармасы	598 032,0
			001	Жергілікті деңгейде діні қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	474 199,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 932,0
			004	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	4 905,0
		005		Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	115 996,0
02				Қорғаныс	6 069 231,0
		121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	328 981,0
			010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	113 808,0
			011	Аумақтық қорғанысты даырау және республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық қорғаныс	215 173,0
		121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	1 579 427,0
			014	Республикалық маңызы бар қалалар, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	1 579 427,0
		314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	944 963,0
			030	Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту	944 963,0
		387		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы органдардың аумақтық органы	3 215 860,0
			003	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстары	2 535 451,0
			004	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық қорғаныс іс-шаралары	680 409,0
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	20 660 710,0
		314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	12 454,0
			021	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу	12 454,0
		352		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	17 626 065,0
			001	Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер қамтамасыз ету	15 663 630,0
			003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	18 000,0
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 944 435,0
		314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	314 805,0
			099	Зираттар бар крематорийлер салу	314 805,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	2 707 386,0
			004	Елдімекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	2 707 386,0
04				Білім беру	236 491 871,4
		314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	3 285 612,4
			006	Алматы қаласында мектепке дейінгі ұйымдарды сейсмикалық күшейту	1 275 990,0
			037	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	2 009 622,4
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	31 155 825,0
			034	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	31 155 825,0
		314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	36 087 133,0
			027	Алматы қаласында орта білім беру объектілерін сейсмикалық күшейту	4 049 396,0
			028	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	32 037 737,0
		323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	3 514 204,0
			006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	2 996 131,0
			007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	518 073,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	126 570 531,0
			003	Жалпы білім беру	52 412 445,0
			004	Арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	4 607 910,0



			002	Жергілікті деңгейде спорттық жарыстар өткізу	2 141 128,0
			003	Республикалық және халықаралық спорттық жарыстарға әртүрлі спорт түрлері бойынша құрама командалары мүшелерінің дайындығы және қатысуы	5 419 249,0
			016	Мемлекеттік қалалық спорттық ұйымдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	787 015,0
			032	Бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	73 360,0
		313		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифровизация басқармасы	1 895 566,0
			001	Жергілікті деңгейде цифровизация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 879 034,0
			009	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	16 532,0
		325		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	3 797 054,0
			005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	3 797 054,0
		361		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	1 290 243,0
			009	Қалалық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	861 957,0
			010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	428 286,0
		380		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың туризм басқармасы	1 705 699,0
			001	Жергілікті деңгейде туризм саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	138 554,0
			002	Туристік қызметті реттеу	1 563 083,0
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 062,0
		304		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың креативтік индустриялар басқармасы	547 900,0
			001	Жергілікті деңгейде креативтік индустрия саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	75 533,0
			002	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	18 224,0
			003	Қаланың креативтік индустриясын қолдау бойынша қалалық іс-шаралар өткізу	454 143,0
		325		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	1 128 774,0
			001	Қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру	825 439,0
			003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	301 845,0
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 490,0
		361		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	407 137,0
			001	Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	200 661,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	206 476,0
09				Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	19 544 695,0
		316		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетикалық және инфрақұрылымдық даму басқармасы	19 544 695,0
			012	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	19 544 695,0
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	10 526 838,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	1 836 257,0
			011	Мал көміңділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	4 500,0
			014	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	168 029,0
			016	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	6 282,0
			021	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар	17 920,0
			022	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	163 448,0
			043	Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу	11 125,0
			044	Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау	53 932,0
			047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	556,0
			050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу	250 000,0
			055	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау	204 332,0
			056	Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	956 133,0
		315		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жасыл экономика басқармасы	631 310,0
			009	Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	631 310,0
		315		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жасыл экономика басқармасы	7 679 637,0
			001	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау және жасыл экономиканы дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	237 669,0
			004	Қоршаған ортаны сауықтыру бойынша іс-шаралар	2 429 193,0
			005	Экожүйе объектілерін дамыту	4 556 264,0
			006	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күтіп-ұстау және қорғау	452 561,0
			012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 950,0
		351		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары басқармасы	379 634,0
			001	Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	379 634,0
11				Өнеркәсіп, саулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	3 990 391,0
		314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	1 445 550,0
			001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 445 550,0
		319		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы	2 184 768,0
			001	Жергілікті деңгейде саулет және құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	565 185,0
			002	Елдімекендердегі құрылыстардың бас жоспарын әзірлеу	1 619 583,0
		324		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қала құрылысын бақылау басқармасы	360 073,0
			001	Жергілікті мемлекеттік қала құрылысы және жерді бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	360 073,0
12				Көлік және коммуникация	100 349 335,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	46 604 607,0
			007	Көлік инфрақұрылымын дамыту	25 799 305,0
			016	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	20 805 302,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	53 744 728,0
			001	Жергілікті деңгейде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 558 238,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	229 488,0
			008	Метрополитендегі жолаушылар тасымалын субсидиялау	4 503 840,0
			009	Әлеуметтік маңызы бар ішкі қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	45 357 785,0
			011	Жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу және реконструкциялау	2 095 377,0
13				Басқалар	59 470 835,0
		316		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетикалық және инфрақұрылымдық даму басқармасы	664 880,0
			040	Арнайы экономикалық аймақтардың, индустриялық аймақтардың, индустриялық парктардың инфрақұрылымын дамыту	664 880,0

		314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	12 323,0
			020	«Бизнестің жол картасы–2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	12 323,0
0.55	«Сегодня».
1.05	Дмитрий Марьянов, Анастасия Панина в остросюжетном сериале «ВЫШИБАЛА».
3.05	3-я и 4-я серии. Андрей Соколов, Татьяна Черкасова в детективном сериале «АДВОКАТ». «Самооборона», «Последнее дело», «Яблоко раздора».
5.40	«Их нравы».

СӘРСЕНБІ
22 ЖЕЛТОҚСАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай поженимся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» с Артемом Шейниным (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» (16+)
16.50	«Пусть говорят» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Премьера. «Знахарь». Новые серии (16+)
19.20	Премьера сезона. «Док-ток» (16+)
20.15	«Вечерний Ургант» (16+)
20.50	«Время покажет» (16+)
0.00	Новости
0.05	«Мужское / Женское» (16+)
0.45	«Модный приговор» (6+)

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Роман Грибков, Анастасия Задорожная в остросюжетном сериале «НАРКОТРАФИК». «Капсула» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «НАРКОТРАФИК». «Капсула» (продолжение), «Игрок».
13.00	«Сегодня».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	«Место встречи».
16.00	«Сегодня».
16.45	«За гранью».
17.55	«ДНК».
19.00	«Сегодня».
20.00	Сергей Гармаш, Светлана Ходченкова в детективном сериале «ПО ТУ СТОРОНУ СМЕРТИ». «Чокнутая» 5-я и 6-я части.
22.05	Эдуард Флёров, Николай Козак в детективном сериале «ЛЕГАВЫЙ-2».
0.00	23-я и 24-я серии. «Основано на реальных событиях». «Немцов. Смертельная любовь». 3-я серия.
0.50	«Сегодня».
1.05	«Поздняков».
1.20	Дмитрий Марьянов, Анастасия Панина в остросюжетном сериале «ВЫШИБАЛА».
3.20	5-я и 6-я серии. Андрей Соколов,

Татьяна Черкасова в детективном сериале «АДВОКАТ». «Подмена», «Чудеса в решетке», «Прокурорская проверка».

БЕЙСЕНБІ
23 ЖЕЛТОҚСАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.05	«Время покажет» (16+)
10.55	«Время покажет» (16+)
12.00	Ежегодная пресс-конференция Владимира Путина
15.00	Новости (с субтитрами)
15.15	«Время покажет» (16+)
17.00	«Пусть говорят» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Премьера. «Знахарь». Новые серии (16+)
19.20	«Большая игра» (16+)
20.10	«Вечерний Ургант» (16+)
20.55	«Тамара Москвина. На вес золота» (12+)
21.45	«Время покажет» (16+)
0.40	«Горячий лед». Чемпионат России по фигурному катанию. Олимпийский отбор. Пары. Короткая программа. Танцы. Ритм-танец. Трансляция из Санкт-Петербурга (6+)

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	Роман Грибков, Анастасия Задорожная в остросюжетном сериале «НАРКОТРАФИК». «День отца» (начало).
8.00	«Сегодня».
8.25	Сериал. «НАРКОТРАФИК». «День отца» (продолжение), «Сегодня».
10.00	«Место встречи».
10.25	Большая пресс-конференция Владимира Путина.
12.00	«Место встречи».
15.00	«Сегодня».
16.00	«За гранью».
16.45	«ДНК».
17.55	«Сегодня».
19.00	Сергей Гармаш, Светлана Ходченкова в детективном сериале «ПО ТУ СТОРОНУ СМЕРТИ». «Чокнутая» 7-я и 8-я части.
22.05	Эдуард Флёров, Николай Козак в детективном сериале «ЛЕГАВЫЙ-2».
0.00	25-я и 26-я серии. «Основано на реальных событиях». «Немцов. Смертельная любовь». 4-я серия.
0.50	«Сегодня».
1.00	«ЧП. Расследование».
1.35	Дмитрий Марьянов, Анастасия Панина в остросюжетном сериале «ВЫШИБАЛА».
3.30	7-я и 8-я серии. «Захар Прилепин. Уроки русского».
4.00	Андрей Соколов, Татьяна Черкасова в детективном сериале «АДВОКАТ». «Овечка в волчьей шкуре», «Око за око».
5.35	«Эксклюзив».

ЖҰМА
24 ЖЕЛТОҚСАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

3.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
11.00	«Давай поженимся!» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.15	«Мужское / Женское» (16+)
12.55	«Время покажет» с Артемом Шейниным (16+)
13.45	«Горячий лед». Чемпионат России по фигурному катанию. Олимпийский отбор. Танцы. Произвольный танец. Прямой эфир из Санкт-Петербурга (6+)
15.00	Вечерние новости
15.25	Документальный фильм (16+)
16.55	«Поле чудес» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Шоу Максима Галкина «Лучше всех!».

19.50	«Вечерний Ургант» (16+)
20.40	Премьера. Документальный фильм «Первая женщина во главе Дома Моды Christian Dior» (12+)
21.40	«Горячий лед». Чемпионат России по фигурному катанию. Олимпийский отбор. Женщины. Короткая программа. Трансляция из Санкт-Петербурга (6+)
23.00	Евгения Добровольская, Мария Аронова в фильме Станислава Говорухина «Артистка» (12+)
0.40	Инна Чурикова, Светлана Рябова в фильме «Ребро Адама» (16+)
2.00	«Модный приговор» (6+)

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Простые секреты».
8.00	«Сегодня».
8.25	Роман Грибков, Анастасия Задорожная в остросюжетном сериале «НАРКОТРАФИК». «Двойная игра» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «НАРКОТРАФИК». «Двойная игра» (продолжение), «Старые связи».
13.00	«Сегодня».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	«Место встречи».
16.00	«Сегодня».
16.45	«ДНК».
17.55	«Жди меня».
19.00	«Сегодня».
20.00	Премьера. Сергей Гармаш, Сергей Годин в детективном сериале «ПО ТУ СТОРОНУ СМЕРТИ-2». «Тень» 1-я и 2-я части.
22.15	Эдуард Флёров, Николай Козак в детективном сериале «ЛЕГАВЫЙ-2».
0.05	27-я и 28-я серии. Александр Яценко, Жанна Фриске в детективе «КТО Я?»
2.10	«Мои университеты. Будущее за настоящим».
3.05	«Мы и наука. Наука и мы».
4.05	Андрей Соколов, Татьяна Черкасова в детективном сериале «АДВОКАТ».
5.40	«Стоп! Снято!», «Двойная жизнь», «Поедем, поедим!»

СЕНБІ
25 ЖЕЛТОҚСАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

3.00	Телеканал «Доброе утро. Суббота» (6+)
6.05	«Умницы и умники» (12+)
6.45	«Слово пастыря» (6+)
7.00	Новости
7.25	Премьера. «Этери Тутберидзе. Откровенный разговор» (16+)
8.15	К 50-летию любимого артиста. «Владислав Галкин. Близко к сердцу» (16+)
9.00	Новости
9.05	К юбилею Леонида Филатова. «Про Федота-стрельца, удалого молодца». Анимационный фильм (12+)
10.20	Анимационный фильм (12+)
11.05	«Леонид Филатов. Надеюсь, я вам не наскучил...» (12+)
11.05	К 95-летию со дня рождения Екатерины Савиновой. Кино в цвете. «Приходите завтра...» (6+)
12.40	«Этери Тутберидзе. Откровенный разговор» (16+)
13.30	«Кто хочет стать миллионером?» с Дмитрием Дибровым (12+)
14.45	«Сегодня вечером» (16+)
17.25	«Время»
17.45	«Горячий лед». Чемпионат России по фигурному катанию. Олимпийский отбор. Пары. Произвольная программа. Женщины. Произвольная программа. Прямой эфир из Санкт-Петербурга (6+)
21.00	Мишель Блан в комедии «Хороший доктор» (16+)
22.30	Лирическая комедия «Завтрак у папы» (12+)
0.00	Михаил Евдокимов, Лев Дуров в фильме «Не послать ли нам... гонца?» (16+)
1.50	«Наедине со всеми» (16+)

НТВ-МИР

6.10	Владимир Фекленко, Светлана Брюханова в детективном сериале «МУХТАР. НОВЫЙ СЛЕД».
8.00	«Изобретатель», «Второе алиби», «Сегодня».

8.20	«Смотр».
8.55	«Поедем, поедим!»
9.35	«Готовим с Алексеем Зиминим».
10.00	«Сегодня».
10.20	Эдуард Флёров, Александра Комиссарова в сериале «АГЕНТСТВО СКРЫТЫХ КАМЕР». «Спасение грешницы», «Ребёнок из торгового центра».
11.35	«Главная дорога».
12.15	«Живая еда» с Сергеем Малозёмовым».
13.10	«Квартирный вопрос».
14.15	«Своя игра».
16.00	«Сегодня».
16.20	«Следствие вели...»
18.05	«По следу монстра».
19.00	«Центральное телевидение» с Вадимом Такменёвым.
20.25	«Ты не поверишь!»
21.20	«Секрет на миллион».
23.20	Премьера. Алексей Череватенко, Дарья Трегубова в детективном сериале «СХВАТКА».
1.05	«Смертельный выстрел», «Лотерейный билет».
1.55	«Международная пирамида» с Тиграном Кеосаяном.
3.35	«Квартирник НТВ у Маргулиса».
	Андрей Соколов, Татьяна Черкасова в детективном сериале «АДВОКАТ».
	«Поцелуй из могилы», «Испорченный телефон», «Взрослые игры».

ЖЕКСЕНБІ
26 ЖЕЛТОҚСАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.50	Виктория Толстогонова, Андрей Мерзликин в многосерийном фильме «Семейный дом» (16+)
3.00	Новости
3.10	«Семейный дом» (16+)
4.45	«Играй, гармонь любимая!» (12+)
5.20	«Часовой» (12+)
5.50	«Здоровье» (16+)
6.45	«Непутёвые заметки» с Дм. Крыловым (12+)
7.00	Новости
7.25	К 50-летию со дня рождения Сергея Бодрова.
8.20	«В чем сила, брат?» (12+)
9.00	Фильм «Брат 2» (16+)
9.10	Новости
10.40	«Брат 2» (16+)
	Праздничный концерт ко Дню спасателя (12+)
12.00	«Чудо-Юдо». Анимационный фильм (6+)
13.15	Премьера. Церемония вручения народной премии «Золотой граммофон» (16+)
15.45	«Горячий лед». Чемпионат России по фигурному катанию. Олимпийский отбор. Показательные выступления. Прямой эфир из Санкт-Петербурга (6+)
18.05	«Время»
19.45	«Что? Где? Когда?». Зимняя серия игр (16+)
20.45	Фёдор Бондарчук, Ольга Сутулова в фильме «Про Любофф» (16+)
22.45	Владимир Ильин, Лариса Удовиченко в фильме Леонида Филатова «Сукины дети» (16+)
0.20	«Наедине со всеми» (16+)
1.05	«Модный приговор» (6+)

НТВ-МИР

6.05	«У нас выигрывают!»
8.00	Лотерейное шоу.
8.20	«Сегодня».
	Юлия Юрченко, Александр Ревенко в сериале «ЭТАЖ».
	«С.О.Н.», «Бабкины бабки».
9.30	«Едим дома».
10.00	«Сегодня».
10.20	«Медицинские тайны».
10.35	«Первая передача».
11.05	«Чудо техники».
12.00	«Дачный ответ».
13.05	«НашПотребНадзор».
14.05	«Однажды...»
15.00	«Кремлёвские похороны». Владимир Щербичский.
16.00	«Сегодня».
16.20	«Следствие вели...»
18.05	«Новые русские сенсации».
19.00	«Итоги недели» с Ирадой Зейналовой.
20.10	Премьера. «Суперстар! Возвращение». Финал.
23.25	Премьера. Алексей Череватенко, Дарья Трегубова в детективном сериале «СХВАТКА».
	«Похищенная», «Псевдоним» (заключительная серия).
1.05	«Звёзды сошлись».
2.35	Андрей Соколов, Татьяна Черкасова в детективном сериале «АДВОКАТ».
	«Собаچه дело», «Очевидный мотив», «Тень прошлого», «Будь моим папой».



ҚОҢЫР ҚОҢЫРАУ

Ұлт тағдырында өшпес із қалдырған Желтоқсан оқиғасын ойға алғанда, селт етпейтін жүрек жоқ. Желтоқсан – күллі кеңестік кеңістіктегі айтулы өзгерістердің бастауы. Желтоқсан – қалғып бара жатқан қазақтың қайта оянған ұлттық рухы. Сонымен бірге, бұл – өршіл намыс пен мұқалмас жігердің Қайрат, Ербол, Ләззат, Сәбира сынды жүздеген, мыңдаған жастар бейнесінде лапылдап жанған алауы. Сол өрімдей ұл-қыздың жастық тегеуріні нәтижесінде тоталитарлық құрсаудың тоңы жібіп, Тәуелсіздік таңы атты.

ҚАЙТА ОЯНҒАН ҰЛТТЫҚ РУХ

Роза
РАҚЫМҚЫЗЫ

...Қазақ тарихының қасіретті беттерінің біріне айналған Желтоқсан көтерілісін күшпен басып-жаншығанын тоталитарлық жүйе тап сол мезетте үлкен жеңіске балады. Сөйтіп, жазалау әрекеттеріне белсене қатысқан көптеген құқық қорғау органдары мен мекемелерінің қызметкерлерін ордендермен, наградалармен, ақшалай сыйсияпаттармен марапаттады. Қандықол жендеттердің ең «көрнектісі» Геннадий Колбин қазақ жастарының бейбіт шеруін тас-талқан етіп жаншығандығы әрі олардың көбін жазықсыз соттатып, ату жазасына кестіргені үшін КСРО-ның ең жоғары наградасы – Ленин орденін иеленді. Одан басқа да жүздеген адамдар жоғары наградаларға ие болды. Марапатталғандардың барлығы да сый-сияпатты қуана қабылдады. Одан бас тартуға қырғыз жігіті Талайбек Ылаевтың ғана батылы барды. Желтоқсан көтерілісі тұсында Қазақстанда әскер қатарында болған Талайбек: «Менің фашист болғым келмейді. Мен – Колбинге,

оны қолдаған барлық жендеттерге лағнет айтамын!» деп, өзіне берілген «Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасынан» бас тартып, оны кері қайтарып жібере алды. Ал өз «патриоттарымыз» араға талай жыл салып барып, яғни желтоқсандықтар ақтала бастаған тұста ғана қырғыз жігітінің үлгісіне жүгінді. Сөйтіп, Желтоқсан оқиғасы кімнің кім екенін сөзсіз айқындап берді.

Желтоқсанның аса зор тарихи маңызы сонда, ол қырық рулы қазақты ғана емес, кеңестік кеңістік аумағындағы әртүрлі ұлттар мен ұлыстарды 70 жыл бойы тас-шеңгелінен шығармай келген КСРО атты алып империяның іргесін шайқалтқан ең алғашқы дүмпу болды. Қазақ жерінен бастау алған көзсіз батылдық одан әрі Грузия, Әзербайжан, өзбек-қырғыз шекарасы, Балтық жағалауы елдеріндегі бас көтерулерге жалғасып, нәтижесінде мызғымас-тай көрінген тоталитарлық жүйенің тас-талқанын шығарды. Сөйтіп, кешегі одақтас республикалар бірінен соң бірі егемендігін жариялап, іргесін нықтап жатты.

Желтоқсан оқиғасының шындығын айқындау мақсатында талай комиссия құрылды. Бірақ әртүрлі желеумен әрқайсы-

сының жұмысы орта жолдан тоқтап қалып жатты. Шындықтың айтылуы тарих үшін, өскелең ұрпақ үшін қаншалықты қажет әрі маңызды болса, оның жұртқа жетуіне ықпалсыз топтың тегеуріні соншалықты мықты екендігі мәлім болды. Дейтұрғанмен де, айналып өтуге болмайтын бір шындық – М.Шаханов бастаған ынталы топтың үздіксіз еңбегі арқасында Желтоқсан көтерілісі әлдекімдердің қолжаулығына айналып кетуден аман қалды, талай боздақ ақталды. Әрине, мұның бәрі олардың көпшілігінің жылдар бойы түрме қапасы мен айдауда өткен жалынды жастығының, адам қолымен аяусыз жасалған қиянаттан нұқсан келген денсаулығының, сондай-ақ оқудан, қызметтен шығып қалып, қорлықты күй кешкен тәлейсіз тағдырының өтеуі бола алмас та. Яғни желтоқсандықтардың жүрегіне түскен жараның жазылар-жазылмасы екіталай.

Бір анығы, бұл көтеріліс тек Алматымен ғана шектеліп қалған жоқ. Тоталитарлық жүйенің озбырлығына, заңсыз әрекеттеріне қарсы наразылық толқыны еліміздің Талдықорған, Сарыөзек, Жамбыл, Шымкент, Арқалық, Жезқазған, Қарағанды,

Көкшетау, Павлодар, Өскемен тәрізді басқа да қалаларында жалғасып, жалпыхалықтық сипат алды. Мұның сыртында өскемендік студент қыз Сәбира Мұхамеджанова сияқты, жер-жерде оқиға салдарынан опат болған немесе түрлі деңгейде жарақат алып, денсаулығынан, ақылынан айырылған, мүгедек болып қалған жасөспірім-көкөрім өрендер қаншама! Олардың ұзын-санының қаншаға жетіп жығылатыны бір Аллаға ғана аян. Жалпы, зардабы жөнінен алғанда Желтоқсан қырғыны қазақтың арғы-бергі тарихындағы ұлтқа жасалған қастандықтардың ешқайсысынан кем түскен жоқ.

Осы орайда, «Желтоқсан оқиғасы кезінде кім қай жақта болып, кімнің мүддесін қорғады?» деген мәселе әлі күнге дейін көп адамды төбесінен мұздай су құйылғандай күйге түсіреді. Бір есептен, бұл сұрақ ешқашан өзінің өзектілігін жоғалтуға тиіс те емес. Өйткені, шындық әруақытта бағалы және ол түбі ашылады да. Мұның барлығы бүгінгі қоғамның өткен тарихтан сабақ алуы үшін қажет. Міне, содан бері де 35 жыл өтті. Ал Желтоқсан көтерілісі өзінің нақты бағасын алды ма, алса – ол қаншалықты әділ, оған да уақыт – төреші.

Шын мәнісінде, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі – ұлт тарихында өшпес ізі қалған аса айтулы құбылыс еді. Нақақтан қан төгілгеніне, жазықсыз жаза кесілгеніне қарамастан, сол арқылы қазақтың қалғи бастаған ұлттық рухы қайта бір көтерілген. Ел солайша елдігін танытқан. Қабырғасынан қақырата сокқы алған қызыл құрсау қазақтың бұғауға көнбейтін, әділетсіздікке төзбейтін қайсар қалпын көрген, ғаламат зор қайратын сезінген. Желтоқсан ызғарына тоңған, мезгілсіз солған бекзат болмысты ұл-қыздың қажыр-қайраты нәтижесінде қазақтың өз пейіліне біткен кеңбайтақ даласы азаттық нұрына шомылған. Желтоқсан көтерілісінің осыншама маңызын көре тұра, біле тұра, мойындамасақ, өз дәрежесінде бағалай алмасқ – елдігімізге сын.

ОРАЙЫ КЕЛГЕН Әңгіме

1986 жылы билік басына Геннадий Колбиннің келуіне қарсылық білдіріп, қазақ жастарының Алматының Орталық алаңына шыққанына биыл 35 жыл толды.

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Бұл – керзі етіктің тепкісіне түскен ел ұландарының діттеген мақсатына жеткен күн. Бұл – Қазақстанның егемен ел болуға қауқарлы екенін көрсеткен күн.

Әйгілі Желтоқсан ел рухының асқақ екенін дәлелдеді. Қытымыр қыста қақтығысқа түскен жалынды жастар жаннан арды биік қойды, ел үшін өмірін қиды. Ызғарлы Желтоқсанда империя бодандығына қарсы бұлқынған намысшыл жастардың, ел еркіндігі мен бостандығы жолында бастарын бәйгеге тіккен қанды оқиғаның қатысушыларының ерліктері жыл өткен сайын жадымызда жаңғыруға тиіс.

17-18 желтоқсан күндері аралығында Алматыда болған КСРО үкіметінің отаршылдық әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы көтеріліс – қазақ тарихындағы қаралы күннің бірі. Бостандыққа, тәуелсіздікке ұмтылған қазақ жастарының наразылығы «Құйын-86» операциясымен аяусыз басып жаншылды. Осы қырында 8500 адам тұтқындалып, 1700 адам



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ауыр жарақат алды. «Кінәлі» деп танылып, сотталғандар – 99 адам. Өлім жазасына кесілгендер – 2 адам. Оның біреуі – Қайрат Рысқұлбеков, біреуі – Мырзақұл Әбдіқұлов.

Осыдан 35 жыл бұрын Кеңес Одағын, күллі әлемді дүрліктіріп, алып империяның қабырғасын қақыратқан оқиға туралы Желтоқсанның ардагері Айболат Жұмабай: «мақсатымыз – әр ұлттың өз көсемі болу керек, тым болмағанда Қазақстанда тұрып көрген, салт-дәстүрімізден хабары бар адам басшы болсын» деген ойымызды жеткізу болатын», – дейді.

– Сол уақытта мен индустриялық техникумды тәмамдап, әске-

ри борышымды өтеп, қазіргі Райымбек пен Сейфуллин көшелерінің қиылысында орналасқан арнайы мамандандырылған училищеде сабақ беріп жүргенмін. Жұмыстан шығып, №61 автобуска отырып, үйге қайтып бара жатқан едім. Қазіргі Абай мен Назарбаев (бұрынғы Фурманов) көшелерінің қиылысынан келесі автобуска отыруым керек болған. 16-сы күні автобүспен алаңнан өтіп кеттік. Қарасам, алаңға, шамамен, 200–300 адамдай жиналған екен. «Не болып жатыр екен?» деп ойладым да қойдым. Ертеңіне кешке қарай жұмыстан қайтып келе жатқанда автобус Абай–Назарбаевқа жет-

кен кезде Абайдан ары өтпей, «мына жақта көтеріліс болып жатыр, тереземді шағады» деп бізді түсіріп кетті. Автобустан түсіп, жаяу көтеріліп келе жатсам, алаң жақта ауылдастарым, бірге оқыған жастарды көріп, жандарына барып едім, «Қонаев атамызды орнынан алып тастап, орнына Ресейден Ульянов ауданының басшысын сайлапты» деп айтты. «Біздің Қазақстанда тұрмаған, қазақша білмейді, салт-дәстүрімізден хабары жоқ адамды басшы етіп сайлапты» дегенде намысым оянып кетті. Біз тек бейбіт түрде өз ойымызды айтқымыз келген. Сол күні алаңда көп адам жиналған болатын. Біздің сұрағымызға ешкім мардымды жауап бермеді, – деді А.Жұмабай.

Желтоқсаншы қанды қырғын күнін былай деп еске алды:

– Бізге бірден су шашып, соққының астына ала жөнелді. 17-сі күні түнге дейін қақтығыс болды. Түн ортасында әрең дегенде үйі-

мізге жетіп, ертесіне 18 желтоқсан күні таңғы 8-9 шамасында қайта алаңға шықтық. Адам өте көп жиналған. Күн суық. Сол күні құқық қорғау қызметкерлері де көп жұмылдырылды. Олар бізді ұрып-соға бастады. Сағат 16.00 шамасында, ымырт жабыла бастаған кезде қашып бара жатып, жығылып жатқан бір қызды көтере бергенім сол еді, жотамнан біреу бірденемен ұрды. Тізерлеп отырып, ары қарай есімді білмей қалдым. Бір есімді жиып қарасам, балалар айқайлап, мені сүйреп бара жатыр екен. Тағы бір есімді жисам, ауруханада екенмін. Мұрныма бірдене иіскетіп, шекеме бірдене жағып жатыр екен. Қасымда мен сияқты көп адамдар жатты. Басымнан қан кетіп жатыр... Сол кезде жотамды тікті. Бір уақытта құқық қызметкерлері шеруге қатысқандарды іздеп, алып кетіп жатқанын естіп, 3 бала болып аурухананың терезесінен секіріп қашып кеттік, – дейді Айболат.

P.S.:

Жаңғырығы әлі басылмаған оқиғаға биыл – 35 жыл. Тұғырлы Тәуелсіздікке жол ашқан боздақтардың бейнесі ұмыт қалмауы керек. Ер есімі – ел есінде қалуға тиіс.



ОҚЫРМАНҒА ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылға баспасөзге жазылу жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға бір жылға жазылу керек.

2021 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектердің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонның көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, тел.: 261-59-11

2022 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 3 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!**Анықтама телефондары:**

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

«Almaty aqshamy»
Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Қазпошта» АҚ Алматы филиалы
«Алматы почтамы» бос орындарға жұмысқа жігерлі адамдарды іздейді:

- Байланыс операторы;
- Сұрыптаушы;
- Курьер;
- Жүргізуші – курьер;
- Жүргізуші – инкассатор.

Біз ұсынамыз:

- лайықты және тұрақты жалақы;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес тіркеу;
- кәсіби даму және мансаптық өсу.

Барлық қызықтыратын сұрақтар бойынша HR бөліміне мына мекенжай арқылы хабарласуыңызға болады:

Алматы қ., Бөгенбай батыр көш., 134, 212-кабинет
(Дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін)
Байланыс телефондары: 8 778 969 09 20;
8 707 993 09 63.

*** Өзіңізбен бірге түйіндемеңіз бен жеке куәлігіңіз болуы керек.**

Қазақстанда 22 қарашада SaRS-CoV-19 корона- вирустық инфекциясына қарсы халықты қайта вакцинациялау науқаны басталды. Ревакцинациядан бұрын нені білу керек?

Ревакцинация – бұл вакцинациядан кейін пайда болған иммунитетті сақтауға бағытталған қайта егу. Процедураны күшейту инъекциясы немесе «күшейту» деп те атайды. Зерттеулер көрсеткендей, вакцинациядан кейінгі иммунитет уақыт өте келе төмендейді және вирус туралы «еске түсіру» үшін вакцинаны қайталау керек.

Қазақстанда үшінші доза ретінде тікелей вакцинациялау үшін қолданылған препараттан өндіріс технологиясымен ерекшеленетін вакцина пайдаланылған кезде ревакцинацияның айқаспалы тәсілін қолдану жоспарлануда. Вакцинацияның алғашқы курсына қолданылған бірдей вакцинамен ревакцинация жүргізуге рұқсат етілгеніне қарамастан, сарапшылар қарама-қайшы-әдіс үлкен қорғаныс бере алады деп санайды.

Мысалы, векторлық вакцинаны «Спутник V» алған адамдарға екінші дозаны алғаннан кейін тоғыз айдан кейін инактивацияланған (QazVac, CoronaVac, Hayatt-Vax) немесе м-РНҚ вакцинасы (Pfizer-ден Comirnaty) үшінші доза ретінде ұсынылады.

Керісінше, белсенді емес вакциналармен (QazVac, Sinopharm, CoronaVac, Hayatt-Vax) вакцинация курсынан өткен адамдар жарты жылдан кейін векторлық «Спутник V» немесе м-РНҚ вакцинасын (Pfizer-ден Comirnaty) ала алады. М-РНҚ вакцинасын алғандар алты айдан кейін белсенді емес немесе векторлық вакцинамен ревакцинациядан өтуіне болады.

Ревакцинациядан бұрын антиденелерді тексерудің қажеті жоқ. Бұл олардың қай деңгейде ауырып қалу қаупі жоқ екендігі туралы нақты мәліметтер жоқ екендігіне байланысты. Сондықтан үшінші вакцинаны антиденелердің жоғары деңгейімен де жасауға болады. Егер адам вакцинацияның толық курсынан кейін ауырса, оған

қалпына келгеннен кейін үш айдан кейін үшінші компонентті қою ұсынылады. Бұл инфекциядан кейінгі иммунитет ұзақ мерзімді қорғауды қамтамасыз етпейтіндігіне байланысты.

Алғашқы ревакцинациядан тәуекелі жоғары адамдар өтеді: дәрігерлер, полиция, әскери қызметкерлер, мұғалімдер, созылмалы аурулары бар адамдар, бұл қисынды – өйткені, олар 2021 жылдың ақпан-наурыз айларында «Спутник V» вакцинациясының негізгі курсы бірінші болып өтті. Сәуір айының соңында олар QazVac қолдана бастады, олар үшін ревакцинация мерзімі қарашаның үшінші онкүндігіне келеді. Денсаулық сақтау министрлігінің есептеуінше, жыл соңына дейін 100 мыңға жуық адам қайта вакцинацияланады. Қалғандары 2022 жылдың қаңтарынан бастап үшінші дозаны алады – олардың ревакцинация мерзімінің басталуына қарай. Бұдан басқа, ревакцинацияға белгіленген мерзімдерді ескермей, 60 жастан асқан адамдар, сондай-ақ өз бетінше зерттеуден өткен және коронавирусқа қарсы антиденелерге теріс тест нәтижесі бар адамдар жіберіледі.

Ревакцинация (вакцинация сияқты) жедел респираторлық вирустық ауруларда, жоғары дене қызуында, препараттың компоненттеріне аллергия және вакцинацияға басқа қарсы көрсетілімдер болған кезде жүргізілмейтінін ескеру қажет. Ревакцинацияға eGov порталы арқылы немесе тұрғылықты жері бойынша Медициналық ұйымның телефоны бойынша жазылуға болады. Сондай-ақ, азаматтарды SMS арқылы хабардар ету жоспарлануда.

Т.ЖҰМАҒҰЛ,
Алматы бөлімшелік
көліктегі санитариялық-
эпидемиологиялық
басқармасының бас маманы.

ІС-ШАРА

«Тәуелсіздік – көптен күткен бақытым»

Бостандық ауданындағы №191 бөбекжай-балабақшасында «Тәуелсіздік – көптен күткен бақытым» атты мерейтойлық іс-шара өтті.

Баланың бойына ұлттық рухты, патриоттық сезімді ұялатып, туған жері мен еліне деген перзенттік сезімін ұялататын іс-шараға балабақша тәрбиешілері мен бүлдіршіндері белсене қатысты.

Сонымен қатар, аталмыш кеште әйгілі Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығын да қамтып, Желтоқсан көтерілісінің құрбандары Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев, Қайрат Рысқұлбеков, Сәбира Мұхамеджанова сынды қыршынынан қиылған жастарымызды 1 минуттық үнсіздікпен еске алып, рухына тағым еттік.

Осынау айтулы күнге орай №191 бөбекжай-балабақшасының әдіскері Еңлік Әбілмәжит,

психолог Анар Кенжебекова, тәрбиешілер Гүлнұр Абназарова, Ақмарал Чолпанқұлова, музыка жетекшісі Гүлфара Маманова жас өнерпаздармен бірге тәуелсіздікке тарту жасады. Мың бұралған бишілер тобы «Желбіре туым» биін, ер балалар хоры «Туған елім» әнін орындады. Кіші топтың бүлдіршіндері Тәуелсіздік, Атамекен, Отан, туған жер, Қазақстан туралы жырларды жатқа оқып, көпшіліктің көзайымына айналды. Мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілері «Қауын» тобының өрендері «Көкке өрле» биін билеп, «Мен – қазақпын!» әнімен кешті тәмамдады.

Мөлдір ЕРНАЗАРОВА,
Бостандық ауданы,
№191 бөбекжай-
балабақшасының
менгерушісі.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanyshe@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта»
АҚ Алматы почтамына:
261-59-11, 259-88-99 (ішкі
0318) телефондары арқылы
хабарласыңыз



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Айжан БҮРКІТБАЕВА**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



ИНДЕТПЕН КҮРЕС



БЕТПЕРДЕ ТАҒУ ӘЛІ ДЕ ӨЗЕКТІ

ҚР Үкімет басшысы Асқар Мамин вакциналау және ревакциналау қарқынын күшейту қажеттігін айтты.

«Жалпы эпидемиологиялық жағдай тұрақты деп айтуға болады. Күн сайын тіркелетін коронавируспен ауырғандар саны көбейіп жатқан жоқ. Инфекциялық ауруханалардағы төсек-орындар 23%-ға, реанимациялық орындар 20%-ға толық», – деп атап өтті Премьер-Министр Үкімет отырысында. Оның дерегінше, қазіргі уақытта ковидке қарсы екпенің 1-ші компонентін 8,8 миллионнан астам адам салдырды. Бұл 18 жастан асқан адамдардың 78%-ына жуық. 8,3 миллионнан астам адам 2-ші компонентті салдырған. Бұл шамамен – 73%. Үкімет басшысы бетперде режимін, әлеуметтік арақашықтықты сақтауды жалғастыру қажеттігін де атап өтті.

ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой Қазақстан коронавируспен ауырған адамдар саны бойынша әлемнің 222 елі ішінде 110-орында тұрғанын айтты.

«Әлемде коронавирустың 270 млн.-нан астам жағдайы тіркелген. Ал тәулігіне 400 мыңнан астам адам қайтыс болды. ДДҰ Еуропалық өңірінің деректері бойынша соңғы екі аптада 54 елдің 19 елінде сырқаттанушылықтың өсуі байқалады», – деді А.Цой. Министрдің дерегінше, соңғы 14 күнде Францияда аурудың барынша өсуі байқалды. Ал Қазақстанда соңғы екі аптада сырқаттанушылық 31%-ға төмендеген.

ҚР Денсаулық сақтау министрілігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің төрайымы Айжан Есмағамбетова Жаңа жылдан кейін еліміздегі

эпидемиологиялық ахуал қалай болатынына болжам жасады.

«Барлық болжам біздің жүріс-тұрысымызға байланысты. Елімізде орын алатын ахуалды өзіміз қалыптастырамыз. Ең алдымен, вакцина алуымыз керек. Оны естен шығармауымыз әрі ұжымдық иммунитет қалыптастыруға қарай ілгерілей беруді жалғастырумыз қажет. Бүгінде ол ауырып тұрғандарды есепке алғанда, шамамен 50%-ды құрайды», – деді комитет төрағасы «BaigeNews» YouTube арнасында өткен сұхбат барысында. Сонымен қатар, ол бұған дейін вакцина алғандар ревакцина алуы қажеттігін де баса айтты. «Қазіргі уақытта иммунитет қорғанысымыз төмендеген жағдайда қосымша доза алуымыз қажет. Бұған қоса, әлеуметтік арақашықтықты, бетперде тағуды естен шығармаған жөн», – деді.

Нұр ЖАМАЛ.

ЖӨН ЕКЕН!

QazCovid ревакцинацияға лайықты



Жандарбек Бекшин Facebook-те жариялаған бейнебаяндамасында қала тұрғындары тарапынан елімізде салынып жатқан вакциналардың тиімділігі мен қауіпсіздігіне қатысты көптеген сұрақтар түсіп жатқанын жеткізді.

Оның айтуынша, сәуір айынан бері департамент мамандары вакцинаның толық курсынан өткен адамдарға 42–45 күн өткенде коронавирус ауруына қатысты мониторинг жүргізіп келеді.

«Қалада ауруға қайта шалдыққандардың жалпы саны – 3239 жағдай. Бұл – вакцинаның толық курсынан алған 987 мыңнан астам адамның 0,33 пайызы. Вакцинаның толық курсынан алған соң Алматы қаласында коронавирус жұқтырғандар көрсеткіші «Спутник V» – 0,37%, Nayat-Vax – 0,26%,

«Синовак» – 0,19%, QazCovid (QazVac) – 0,17%. Вирус жұқтырғандардың басым көпшілігінде сырқат жеңіл өткен», – деді ол.

Сонымен қатар, ол отандық QazCovid вакцинасын алғандар арасында қайта вирус жұқтыру төмен екенін айтты.

«Статистикаға қарасақ, коронавируспен қайта ауырғандар арасында ең төменгі көрсеткіш отандық ғалымдар жасап шыққан QazCovid вакцинасын алғандарда екпенің жанама әсері аз болған. Сондай-ақ, вакцинаның тиімділігі ұзақ уақытқа жеткені байқалды. Осыған орай, дәрігерлер ревакцинацияға QazCovid лайықты деген шешімге келді», – деді Жандарбек Бекшин.

Айжан БҮРКІТБАЕВА.

Газетіміздің келесі саны 21 желтоқсан, сейсенбі күні шығады.

ЖАРНАМА



К.А.Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті Қазақстанның білім беру нарығында лайықты өзінің орнын алды. Мұның маңызды дәлелдерінің бірі – әртүрлі мемлекеттік және халықаралық аккредиттеуден сәтті өту.

К.А.Сағадиев атындағы ХБҰ халықаралық ынтымақтастықты дамыту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Университет оқытушылар құрамы, студенттері, магистранттары мен докторанттары көптеген бағдарламалар мен жобаларға қатысады (қос диплом бағдарламасы, үш диплом бағдарламасы, ERASMUS+, Жан Моне жобасы және т.б.).

Мәселен, ағымдағы 2021 жылы Халықаралық бизнес университеті ERASMUS+ бағдарламасы аясында «Жоғары білім беру саласындағы әлеуетті арттыру» (ЖББӨ) бағыттарының 2024 жылға дейінгі, «Каспий өңірін дамыту үшін университеттер мен кәсіпорындардың ынтымақтастығы негізінде практикалық бизнес бойынша пилоттық курстар» PICASP жобасын іске асыруда.

PICASP – бұл бірлескен жоба, оған серіктес елдердің – Италия, Польша, Литва, Ресей, Әзербайжан және Қазақстанның бірқатар жоғары оқу орындары қатысады. Жетекші – серіктес: Universita degli Studi d'Annunzio di Chieti-Pescara (UNICH, Италия).

PICASP жобасының негізгі мақсаты – шағын және орта бизнесті (кәсіпкерлік, менеджмент және т.б.) дамытуға байланысты пәндер бойынша оқытудың инновациялық әдістерін әзірлеу негізінде университеттер мен кәсіпорындардың ынтымақтастығын нығайту.

Осы жоба шеңберінде қолданыстағы оқу пәндеріне елеулі өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі, кәсіпкерлік және ШОК басқару бойынша инновациялық оқу курстары әзірленеді және білім беру процесіне енгізіледі. Сайып келгенде, осы курстардың барлығы студенттер мен магистранттардың құзыреттілігі мен практикалық дағдылары деңгейін арттыруға ықпал ететін болады.

Мысалы, 1-курс студенттері PICASP жобасы шеңберінде «Мәдениеттану» курсы бойынша сабақтарда алған білімдерін Қазақстанның мәдени мұрасын насихаттау және ілгерілету үшін өзінің болашақ кәсіби саласында қалай қолдануға бағдарланатын болады. Осы мақсатқа жету үшін студенттерге топтық жобалар түрінде шығармашылық тапсырмалар ұсынылады («Ашық аспан астындағы мұражайлар», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» және т.б.). Командалардағы жұмыс пәнаралық білімді жақсарту, олардың кәсіпкерлік, АТ және коммуникативтік дағдыларын дамыту мақсатында әртүрлі мамандықтағы студенттерді қамтиды, бұл PICASP жобасы шеңберінде басқа курстарды оқу үшін студенттер мен магистранттардың құзыретін тереңдетуге мүмкіндік береді. Академик К.А.Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеттің бұл жобаға қатысуы өте маңызды, өйткені ол университеттің даму стратегиясымен және практикалық білім университеті ретіне тікелей байланысты.

К.С.БИЖПТОВА,
ХБҰ-нің доценті, т.ғ.к.

АПТАЛЫҚ ЖҰЛДЫЗ–ЖОРАМАЛ (16–23 желтоқсан)

ТОҚТЫ (21 наурыз – 20 сәуір)

Жоспарыңыз ауқымды болса, басшылыққа жасқанбай жеткізіңіз. Бәлкім, көп жүктемені азайтып, тек сол бағытта жұмыс істеуіңізге мүмкіндік береді. Күш-қуатыңызды сарқып алмас үшін ұрыс-керіс, дау-жанжалға араласпаған жөн.

ТОРПАҚ (21 сәуір – 21 мамыр)

Мақсатыңызға жетер жолда шыншыл болуды басшылыққа алыңыз. Қашан да әділ шешім шығаратыныңызға сенімді болыңыз. Апта соңына қарай достарыңызға қоңырау шалып, хал-жағдайларын біліп қойсаңыз, артықтық етпес.

ЕГІЗДЕР (22 мамыр – 21 маусым)

Кейінге ысыра тұрған шаруаңызды қолға алыңыз. Әр алуан күрделі сауалдар туындаса, сол саладан хабары бар әріптестеріңізге жүгінгеніңіз дұрыс. Ал қаржылық мәселелерді өмірлік серігіңізбен ақылдасып шешіңіз.

ШАЯН (22 маусым – 22 шілде)

Шығармашылық шабытқа не болып, жұмысқа деген құлшынысыңыз арта түседі. Таяу күндері жүзеге асырамын деген жоспарыңыздың біршама-сын орындап үлгересіз. Демалыста дүкен аралап қайтсаңыз болады.

АРЫСТАН (23 шілде – 23 тамыз)

Күз жақындап қалғанымен, үйдің күйбең жұмысы әлі қордаланып тұр. Бөлмелерге әлдеқандай өзгеріс енгіземін десеңіз, енді кіріссеңіз болады. Алайда, барлығын бір өзім тындырамын деп шаршап қалмаңыз.

БИКЕШ (24 тамыз – 22 қыркүйек)

Бейсенбі, жұма күндері екі оттың ортасында қалғандай боласыз. Оның бір себебі, біреуге берген уәденіз аякасты орындалмай, үшінші тарапқа өтірікші ретінде көрініп, ыңғайсыз жағдайға тап боласыз. Сондықтан ашу-ренішке жол бермеуге ұмтылыңыз.

ТАРАЗЫ (23 қыркүйек – 22 қазан)

Кәсіби сұрақтар қойылса, бұл жолы өзіңіз жауап бере біліңіз. Тәуекелшіл Таразылар үшін осындай сенімді қадамдар жасау ұтымды әрекет. Көңіліңіз ауған жанмен кездесуді жоспарласаңыз, қазір қолайсыз уақыт.

САРЫШАЯН (23 қазан – 21 қараша)

Апта басында жұмыста да, үйіңізде де шаруа шап-етектен болмақ. Басшылық берер тапсырмасын жиі өзгертіп, соған сәйкес қадам жасау қиындап кетеді. Отбасындағы кейбір ұрыс-керістер жүйке жүйеңізге әсер етуі де мүмкін.

МЕРГЕН (22 қараша – 21 желтоқсан)

Қазіргі уақыт қаржыға қатысты кез келген мәселені шешуге қолайлы. Ұтымды пайдаланыңыз. Ақшаны сауатты пайдалану мен бойынғыздағы кәсіби шеберлік осыған бастамашы. Демалыс күндері саяжайға барып қайтсаңыз, құба-құп.

ТАУЕШКІ (22 желтоқсан – 20 қаңтар)

Жұлдыздар апта басында кездескен ырың-жырың тірліктен ада болуға шақырады. Бейтараптық – талай келенсіздіктен сақтайтын басты қаруыңыз. Өзіңізді барынша жақсы сезіну ісіңіздің ілгерілеуіне де себепші.

СУҚҰЙҒЫШ (21 қаңтар – 19 ақпан)

Қолға алуға жүрексініп жүрген тапсырмаларды орындауға тас-түйін әзірсіз. Оған қоса, жаңадан таныстық орнатып, ықпалды әріптестер табуыңыз да жасаған қадамыңызды нықтай түсті. Ендігі меже – мәнсап баспалдағымен көтерілу.

БАЛЫҚТАР (20 ақпан – 20 наурыз)

Уәдеге берік болу – Балықтардың өткір қаруларының бірі. Әр сөзін екшеп жеткізетін жұлдызнама иелері әділдікті әрдайым басшылыққа алады. Бауыр еті балаңыз жарқын жетістігімен қуантуы мүмкін.

Дайындаған Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.